Осман Нұри ТОПБАШ



ҚАЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҰМРА

ҚАЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҰМРА
Осман Нури Топбаш

Published by Erkam Publications at Smashwords

E-mail: english@islamicpublishing.net
Web site: http://www.islamicpublishing.net

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз

Біздерді иман нұрына бөлеп, өзіне деген сүйіспеншіліктің жолын құлшылық арқылы көрсетіп берген Аллаһ Тағалаға шексіз хамд-мадақ айтамын!

Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөленудің озық үлгісін көрсетіп, адамзат баласына таптырмас өнеге болған Пайғамбарымызға (с.а.у) салауат пен сәлем болсын!

Адамзат баласының материалдық әрі рухани қажеттілігі сарқылмас бұлақтай тауысылмайды. Мұның кейбірі тіршілік ету үшін ауадай қажет. Атап айтар болсақ, ауа, су және азық секілді. Дәл осы іспетті ішкі жан-дүниеміздің де өзіндік қажеттіліктері бар. Тіпті олар тәннің азығынан да маңызды. Өйткені тән топырақтың жолаушысы болса, рух мәңгіліктің жолаушысы. Сондықтан Құранда Аллаһ Тағала:

«Сендердің несібелерің әрі уәде етілген нәрселер көкте» (Зарият 51/22) – деп, адам баласының рухани азығына назар аудартып, жүректің Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөленуінің бірден бір жолы ретінде құлшылықтарды сыйлаған. Сондықтан барша ғибадат атаулы Аллаһ Тағаланың әмірі болғанымен ол негізінде ең қажетті рухани азығы болғаны сонша рух пен жүрек құлшылықтан алған азығын басқа ешқандай нәрселерден ала алмайды. Осы шындықты түсіне алмаған адамдар торға түскен торғайдай күй кешуде. Ал, жан-дүниесінің азығын тапқандар болса, олар өзгеше бір үйлесімдік пен көңіл ләззат алатындай дәрежеге жетіп, шәһи ғашықтық пен шариғат бойынша ғұмыр кешеді. Өйткені олар дәмін татқан рухани нәр мен шабыт өздерін дүниенің түрлі дау-дамайынан аман сақтайды.

Міне сондықтан да адам баласының рухани қажеттілігін ашу әрі оның шексіз нығметтерге бөленуіне опасыздық жасамай, шүкір етуші құл болуы үшін кейбір құлшылықтар арнайы түрде парыз қылынған. Бұл жағдай дәрігерлердің науқас адамына емі үшін қалайда алуы керек деп рецепт жазып беруіне ұқсайды. Өйткені адамдар көбінесе еріншектік пен салғырттықтың кесірінен құлшылыққа бей-жай қарайды. Сондықтан Аллаһ Тағала рухтың таптырмас азығы болып саналатын құлшылықты парыз қылып, олардың мәңгілік азаптан құтылуларын мақсат тұтқан.

Мұндай маңызды құлшылықтардың ең бастысы әрине намаз. Сондықтан құлшылықтардан ең әуелі намаз парыз қылынған еді. Расында кімде-кім шынайы ықылас-ниетпен намаз оқитын болса, жүректегі қатпарланған перделер ашылып, «Намаз – мүминнің миғражы» деген хадисті шындыққа айналдырып, Аллаһтың құзырында тілмен айтып жеткізгісіз ерекше қауышу сезіміне бөленеді. Бұл қауышу – Аллаһ Тағаланың «Сәжде етіп жақында!» - деген әміріне мойынсұну арқылы мүмкін болмақ.

Намаздан кейін рухымызға нәр беретін екінші бір парыз құлшылық – ораза. Ораза – сабарлақ, табандылық және нәпсінің қалауларын тізгіндеп, адамды ахлақи кемелденуге үлкен септігін тигізетін құлшылық. Ораза – Аллаһтың адамға берген шексіз нығметтерінің қадірін білуге, қоғамдағы аш-жалаңаштар мен бір үзім нанға жете алмай, зар жылап жүргендердің хал-жағдайын терең түсінуге септігін тигізеді. Сонымен бірге бай-дәулетті адамдарға кедей-кепшіктердің аянышты халін сезіндіре отырып, олармен теңдей етеді. Осылайша бақуат, төрт құбыласы сай адамдардың бойында жәрдем мен мейірім-шапағаттың оянуына түрткі болады.

Ислам діні қоғамдағы теңдікті сақтауды көздеп, кедей мен байдың арасындағы сүйіспеншілікті күшейту әрі қызғаныш пен күндестікті жою үшін «зекет пен инфақты» парыз қылған. Зекеттің де өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, бай-бақуатты адамдардың байлыққа мастанып, дүниенің соңына түспеу әрі әрі кедейлерді байлардың дүниесіне құрлана қарауын тізгіндеу, сөйтіп әлеуметтік тепе-теңдікті сақтау сияқты көптеген жақсылықтар зекеттің арқасында болмақ.

Осы ғибадаттардың қатарында дүние-мүлік һәм тәнмен орындалатын қажылық бар. Қажылық (Хаж) – жүректегі иманды кемеліне жеткізіп, махшардағы күнді еске түсіріп, «өлмей тұрып өліңіз!» деген сөздің ішкі сырын түсінуге септігін тигізетін маңызды ғибадат.

Хаждың рухани жағы сыртқы көрінісі жағынан әлдеқайда мәнді. Хз. Пайғамбарымыздың «мәбрур хаж» (қабылданған қажылық) деп айтқан қажылығы бастан-аяқ рухани әсемдікпен көмкерілген құлшылық. Бұл тұрғыдан қарағанда қажылық – дұға, тәубе мен жалбарыну әрі жан-дүниенің Аллаһтың мейіріміне бөленіп, берекеті мен жақсылықтарға қол жеткізу дегені. Яғни өмірді салих амалдармен безендіру. Әрі бұл құлшылық оны орындағаннан кейін де қол жеткізген сол тазалығын кіршіксіз сақтап қалу үшін Аллаһ Тағалаға уәде беру деген сөз.

Аллаһ Елшісі (с.а.у) хаж бен ұмра кезінде орындалатын салих амалдардың арқасында пайда болатын нәтижені жеткізерде, ондағы басты мақсатты былай тілге тиек етеді:

«Хаж бе ұмраны біріктіріңдер. Өйткені олар күнәні темірдің татын тазалаған от сияқты тазалайды (өшіреді)» (Нәсай, Мәнасик, 6; Ибн Мәжә, Мәнасик, 3).

Міне, осындай рухани кірлерден арылып, анадан жаңа туғандай, кіршіксіз болуға әрі иманды жаңартуға орасан зор ықпал ететін және хадис шәрифте «хаж бен ұмра арасын біріктіруіміз» өсиет еткен «ұмра» құлшылығының мәні аса зор.

Жылына бір мәрте және белгіленген уақытында ғана орындалатын хаждан басқа жылдың кез-келген мезгілінде сан рет орындауға мүмкіндік берілген ұмра ерекше мәнге ие болғандығынан «кіші қажылық» деп аталған. Сондықтан ұмраның сырын терең түсінуге тиіспіз.

Барлық осы құлшылықтардың негізіндегі аса назар аударылатын жөні – оларды орындау. Егер құлшылығымызды Аллаһтың қабыл алуын қалайтын болсақ, құлшылығымызда сүйіспеншілік пен әдептілік негіз болуы тиіс. Сонда ғана құлшылығымыз салих амалға айналып, мәңгілік бақытқа қол жеткіземіз.

Біз бұл шығармамызда хаж бен ұмраның ішкі сырын және тақуалыққа сай орындалуы үшін қажет болған әдептілікті қолымыздан келгенше түсіндіруге тырысып бақтық. Осы тақырыпта жазылған еңбектеріміз бен мақалаларымызды қайтадан реттеп, хаж бен ұмраның рухани мәні туралы қысқа да нұсқа білгісі келетін бауырларымызға ұсынып отырмыз.

Аллаһ Тағала баршамызға құлшылығымызды әрдайым шынайы ниетпен орындауды нәсіп етсін! Ахіретке бағытталған сапарымызда намазымызды мәңгілік жолдасымыз, оразамызды мәңгілік сырласымы, зекет пен қайыр-садақамызды мәңгілік азығымыз, қажылығымызды да ең жақсы досымыз еткей! Құлшылықтарымыздың әрбірін өз ұлық затына лайық боларлықтай орындай білуді бәрімізге қолайлы қылғай!

Әмин!

Осман Нұри Топбаш

Тамыз 2006
Үскүдар

Мәбрур Хаж және Ұмра

Исламның бес негізінің бірі болып есептелетін хаж – мал-мүлікпен һәм тән арқылы орындалатын ғибадат. Сан алуан сырларымен ерекшеленген қажылықты лайықты түрде орындай білу, тек қана шынайы жүрек пен кәміл иман әрі жоғары парасаттылық арқылы мүмкін болмақ.

Хаж – пайғамбарлардың алғашқысы Хз. Адамнан ақырзаман пайғамбарына дейін өз жалғасын тауып, мына дүниенің өзінде махшарды көз алдына елестетіп, «өлмей тұрып өліңіз!» деген сөздің ішкі сырын түсінуге себепші болатын ұлы ғибадат.

Хз. Адам мен Хауа анамыздан бастау алатын адамзат дін нәрі мен бақытын сезініп өмір сүру үшін қазіргі қасиетті Меккедегі Қағбаның орнын алғашқы ғибадатхана ретінде қолданған. Уақыт өте келе адам баласы әртүрлі аймақтарға тарыдай шашылып қоныс тебеді. Сосын араға қаншама ғасырлар салып, ұрпақтар хақ діннен ажырап, танымастай дәрежеге өзгерді. Тіпті Қағбаның орны тегістеліп, жұмыр жерге айналды. Хз. Ибраһим пайғамбар Аллаһ Тағаланың әмірімен Қағбаны қайта қалпына келтіріп, абат қылады. Әрі дұға етіп, ол аймақтың гүлденіп, берекеттенуіне дәнекер болады. Аллаһ Тағала бұл шындықты Құран Кәрімде былай баян етеді:

«(Мұхаммед с.а.у) сол уақытта Ибраһим: «Раббым! Осы Мекке қаласын бейбіт қыл! Мені және ұлдарымды пұттарға шоқынудан ұзақ қыл!» «Раббым олар адамдардың көбін адастырды. Ал енді біреу маған ерсе, рас ол менен. Тағы біреу маған қарсы келсе, онда Сен өте жарылқаушы, ерекше мейірімдісің».

«Раббымыз! Ұрпақтарымның кейбірін егінсіз ойпатқа, құрметті үйің (Қағбаның) жанына орналастырдым. Раббымыз! Олар намазды оқитын болсын! Енді адамдардың көңілінен оларға ауатын қыл! Сондай-ақ олардыжемістерімен ризықтандыр! Әрине олар шүкіршілік етер» (Ибраһим, 35-37).

Хаж ғибадаты Исламнан бұрын да бар болатын. Алайда мүшріктер оны ғибадат ерекшелігінен ажыратып, бейне бір елдің белді де беделді адамдарына қарсы адамның арын арлайтындай салтанатты түрде өтетін рәсімге айналдырды. Задында арабтар арасындағы беделді тайпа құрайштықтардан өзге тайпалардың ер-әйелдерінің барлығы жалаңаш күйде Қағбаны тауаф ететін. Ал, киінген күйде тауаф ету болса, ол тек құрайштықтарға тән еді. Жалаңаш күйде тауаф еткендердің жамылуы құрайштықтардың рұқсаты мен жомарттығына байланысты еді. Яғни құрайштықтар киім берсе жауып, бермеген жағдайда тыр-жалаңаш күйде Қағбаны тауаф ететін еді. Құрбандық шалғанда болса, малдың қанын Қағбаның есігі мен қабырғасына жағып, құрбандықтың етін отқа жағып жіберетін-ді.

Ақыры бұл дүниенің екінті уақыты іспеттес «бақыт ғасыры» басталып, Пайғамбарымыз Мұхаммед Мустафамен (с.а.у) нағыз діни өмір тұңғыш бастаған жерінде ең биік шыңына жетіп, мұндай ар-ұяттан жұрдай әдет-ғұрып пен бұрыс наным-сенімдерді түп тамырымен жойды. Өйткені Исламдағы әрбір ғибадаттың негізгі мақсаты – Аллаһты зікір етіп, кешірім тілеу еді.

Пайғамбарымыз (с.а.у) Мекке мен Мәдинада салауатты өмір сүріп, өзгелерге де осының озық үлгісін көрсеткен еді. Осылайша осы аймақтар қияметке дейін Ислам мен мұсылмандардың күре тамырына айналды.

Қажылық орындалатын осы қасиетті аймақтың топырағы Хз. Адамнан қазіргі таңға дейін иманды жүректердің руханиятынан нәр алып, Аллаһ пен Пайғамбар сүйіспеншілігіне бөленген ғашықтардың көз жасымен суғарылып келеді. Қажылықты шынайы ықыласпен орындағандар бұл мекендерде осыларды және пайғамбарлар қалдырған рухани естеліктерді іздеп, оларды еске ала отырып, ерекше сезімге бөленеді. Өйткені ерекше түрдегі рухани

нәрдің бұлағы болған бұл қасиетті өлке пайғамбарлар қалдырған киелі де әзиз естеліктерге толы. Сондықтан бұл жерлерде әрдайым Аллаһтың мейірімі, кешірімі мен берекеті ойға оралады.

Сондықтан қажылық құлшылығындағы мақсаттардың бірі де – Раббымыздың осы қасиетті мекендердегі нышандарына құрмет пен тағзым көрсетіп, шөл далаға айналып, су сұраған көңілімізді жай таптыру болып табылады.

Қажылық не ұмраны орындау ниетімен осы қасиетті топыраққа аяқ басқандар Ибраһим (а.с) пайғамбардың:

«Әй, Раббым! Күнәларымызды кешіре гөр! Сен Рахман және Рахимсың. Әй, Раббым! Менің ұлымды да менің жолыма, менің дініме еруші қыл!» - деген дұғасына қосылып, бұл дұғаның берекетіне бөленеді.

Осы іспетті сансыз нығметтер мен ерекше көріністер мүминдердің сол жерге деген құштарлығы мен сағынышын арттырады. Қасиетті мекенге деген ыстық лебізі мен ішкі тебіренісін жасыра алмай:

Бір *көрсем деп қасиетті Қағбам сені*
Жаулап алды бойымды арман легі!

десе, енді біреулері Пайғамбарымызға дұғай сәлем айтып былай деп ағынан жарылады:

«*Әй Таң самалы! Егер Мекке мен Мәдинаға жолың түсce, бізден адам мен жынның пайғамбары Хз. Мұхаммед Мұстафаға сәлем айтқайсың!»*

Қажылыққа сапар шегушілерді қасиетті сапарға аттандырар сәттің өзінде неше түрлі ыстық лебіздер айтылып, сол жерге деген сағыныштарын жеткізуді сұранып, оларды салтанатты түрде шығарып салу халықтың арасында дәстүрге айналған. Бағзылары іштегі сағынышы мен махаббатын өлең жолдарымен былайша жеткізеді:

Басып өткен жолдарға
Бізден сәлем айтыңдар!
Аллаһ деген құлдарға
Бізден сәлем жеткізгің!
Қажылыққа барыңдар
Мәңгілік бақытқа жетіңдер!
Мұхаммед Мұстафаға
Бізден сәлем жеткізгің!
Мекке мен Мәдина
Теңдессіз екі қазына
Төрт әділ халифаға
Бізден сәлем жеткізгің!
Ләббәйк деп ылғи
Жүгір зәмзәм суына
Бәни Хашим әулетіне
Бізден сәлем жеткізгің!
Оранып ап ихрамға
Қол тигізбей харамға
Сахаба-кирамға
Бізден сәлем жеткізгің!
Жалбарынып Раббымызға
Хайыр дұға еткің бізге!
Ұлық Қағбамызға
Бізден сәлем жеткізгің!
Кіргендер Хақтың бағына

Ғапілеттің түспес ауына!
Әлгі көркем Нұр тауына
Бізден сәлем жеткізгің!
Кіріп «Хатим» жеріне
Сәжде етіңдер Рахимға!
«Мақам ибраһимге»
Бізден сәлем жеткізгің!
Кешір деп жылап Аллаһқа
Бөле деп бізді шапағатқа!
Бізден сәлем жеткізгің
Мина мен Арафатқа!

Осыншалықты сағыныш пен махаббаттың ыстығына күйіп өртеніп, тыным таппаған көптеген Аллаһтың достары осы қасиетті рахмет өлкесіне қас қағым сәтте бару мүмкіндігіне ие болып, бес уақыт парыз намаздарын сол жерде оқитын болған. Тіпті мұндай Аллаһ достарының кейбірі сол жерге деген іңкәрлығымен күн кешіп, қажылыққа баруға дүниесі жетпей, күйбежектеп жүрген көптеген ғашықтардың осы ізгілікке бөленуіне дәнекер болған. Бұл туралы Хз. Азиз Махмут Һүдайының рухани әлемге қанат қағуына түрткі болған мына бір оқиға көп айтылады:

Хз. Һүдайы Бурсаның қазысы болған кезде алдына бұрын-соңды естіп-көрмеген бір дау түседі. Бір әйелі күйеуінен шағымданып былай дейді:

- «Қазы мырза! Күйеуім жыл сайын қажыға барам деп ниет етеді. Бірақ жағдай көтермегендіктен бара алмай, қалып қойып жүрді. Үстіміздегі жылда да барамын деп жылдағы әдетіне салды. Тіпті: «Егер осы жылы қажыға бара алмасам, сенімен ажырасамын!», деді. Сосын құрбан айтқа жақын қалғанда ғайып болды. Бес-алты күннен кейін қажыға барып келдім деп шыға келді. Осылай болуы мүмкін бе? Айтыңызшы қазы мырза! Мен бұдан былай мұндай өтірікшімен бірге тұра алмаймын!»

Қазы Махмут мырза істің мән жайымен толығырақ танысу үшін күйеуін шақыртып, одан да сұрайды. Ол былай жауап қатады:

- «Қазы мырза! Жұбайымның айтқандары да дұрыс менің айтқандарым да. Мен шын қажыға барып қайттым. Тіпті ол жерде осы жерден барған қажыларды да көрдім. Оларға алып келіңдер деп кейбір жүктерімді аманат етіп тапсырдым».

Қазы мұны естігенде қатты таңырқап:

- «Бұл қалай болды, түсініксіз екен?!» деп сұрағанда, әлгі адам тағы сөз бастап:

- «Жыл сайын қажыға барғым келгенімен, бұл жылы да бара алмай қалып қойдым. Сосын ұнжырағам түсіп Ескіжі Мехмет Атаға бардым. Ол менің қолымнан ұстады да көзіңді жұм деді. Көзімді ашсам Қағбада тұрғанымды көрдім!» - дейді.

Мұндай жағдайды бұрын-соңды естіп көрмеген Қазы Мырза бұлай болуы мүмкін емес деп әлгі адамның айтқандарын қабылдамайды.

Сонда қажылықтағы рухани әсерінен арыла қоймаған әлгі адам әркімді ойландыратындай былай жауап береді:

-«Қазы Мырза! Аллаһ Тағаланың дұшпаны шайтан бір сәтте дүниенің түкпір-түкпірін аралап шыққанда, Аллаһтың сүйікті құлдары бір сәтте Қағбаға барып келе алмағаны ма?!»

Оның берген жауабы Қазы Махмут мырзаны қатты ойландырып тастайды. Сөйтіп мәселенің шешімін Бурсадан барған қажылардың қайтуына дейін қалдырады. Бурсалық қажылар қайтып келгенде мәселені тексеріп, әлгі адамның сөзін растайды. Сосын бұл мәселеге қатты таңырқап, дауды тоқтатуына тура келеді. Бірақ жүрегіне шоқ түскендей болады да сосын Ескіжі атаның жөн сілтеуімен Хз. Үфтадәнің рухани мәжілісіне қатысып, ақыры көңілдердің сұлтаны болады.



Осы қасиетті мекендерге деген сағыныш пен ынтызарлық құмды шөл даланы тамашалау үшін емес әрине. Жүректің сол жаққа қағуы Ибраһимнің (а.с) мақамын (орны), Исмайл пайғамбар мен әулиеті өскен жерді зиярат ету үшін, сондай-ақ Расулұллаһтың (с.а.у) туып өскен жерін әрі Исламды насихаттаған аймақты көріп, Оның тыныстаған ауасынан тұла бойымызға тереңдей сіңдіру – осы ұлықсапардағы мақсаттардың бірнешеуі. Аллаһ досы бір ақын былай дейді:

«*Қай жаққа қарасам да сансыз мұғжиза жүректің етегіне жабысып: «Міне негізгі орын осы жер!» деп тұрғандай*».

Бұл ақынның ішкі сезімі ғана емес, ол сонымен қатар тәңірлік бір ақиқат. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

فِيهِ آيَاتٌ بَيِّنَاتٌ

«Онда ап-айқын дәлелдер» (Әли Имран 3/97)

Сондықтан осы қаситтеті аймақта, көздегі ғапылдықтың пердесін түріп, айналаға жүрек көзімен қарағандардың жан дүниелері тебіреніп, имандары күшейіп, Аллаһ сүйіспеншілігі мен махаббатына бөленеді. Сөйтіп олар қайда қараса ерекше бір шабыт да тұла бойларын билеп алады да нұрға қарық болады. Осының нәтижесінде көзден еріксіз жас тамшылап, тілмен барша әлемнің жаратушысы Аллаһты мадақтайды. Осы қасиетті аймақтағы бүкіл уақытын жоғары әдептілік пен құрмет сезімдеріне бөлене отырып өткізеді. Бұл Құрандағы:

ذَلِكَ وَمَنْ يُعَظِّمْ شَعَائِرَ اللهِ فَإِنَّهَا مِنْ تَقْوَى الْقُلُوبِ

«Кімде-кім Аллаһтың елеулі белгілерін ұлықтаса, күдіксіз ол жүректің тақуалығынан» (Хаж 22/32) - деген сырдан алынған қол жетпес нәсіп.

Осы тұрғыдан қарағанда қажылық тек қана материялдық әрі сыртқы көріністен тұратын ғибадат емес. Оның рухани жағы сыртқы жағынан әлдеқайда мәнді. Хз. Пайғамбарымыздың (с.а.у) «мәбрур (қабыл болған қажылық) хаж» деп айтқан қажылық бастан-аяқ рухани әсемдікпен көмкерілген құлшылық. Осы тұрғыдан қарағанда қажылық дұға, тәубе мен жалбарыну әрі жан-дүниенің Аллаһтың мейірімі мен берекетінен нәр алуы. Яғни өмірді салих амалдармен безендіру. Әрі қажылықты орындағаннан кейін де сол тазалықты кіршіксіз сақтау үшін Аллаһ Тағалаға уәде беру.

Хз. Ибраһим пайғамбардың (а.с) мына дұғасы қандай тамаша:

«Раббымыз! Біз екеумізді (ұлым Исмайл мен мені) өзіңе бойсұнушы еткейсің, ұрпақтарымыздан да бойсұнғыш үмметтеріңді шығарғайсың, әрі бізге хаж ережелерін көрсетіп, тәубелерімізді қабыл ет, әлбетте Сен өзің тәубені қабылдаушы, ерекше мейірімдісің!» (Бақара 2/128).

Қажылық міндетін орындамақ болған ғашық жүректер бір жағынан дұға етіп, жалбарынса, енді бір жағынан Меккенің көшелерінде Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жүргенін, бәлкім Оның аяғының ізін басып тұрғанын елестетіп, Пайғамбардың сол ізіне маңдайын тигізудің шабытымен Одан қалған естеліктермен жан дүиесін безендіреді. Мәселен, Расулуллаһтың Меккенің халқын Сафа жотасына жинап, үндеу салғанын бейне көріп тұрғандай сезінеді. Әлемдердің мырзасы сол кезде Меккенің тұрғындарына Әбу Құбәйс тауын көрсетіп былай деген-ді:

«*Сіздерге мына таудың артында дұшпан бар, осы жерге беттеп келеді. Алдын алмасаңдар өлтіріп кетеді! десем маған сенесіздер ме?»*

Меккеліктер бір ауыздан:

- «Әрине сенеміз. Таудың арқасын көрмесек те, сен «Мұхаммәдұл Әмин» болғаның үшін айтқан сөзіңе әсте күмән келтірмейміз!» - деді.

Сонда Пайғамбарымыз (с.а.у.) оларға:

- «*Осы айтқаныма сенсеңіздер мына сөзіме де сеніңіздер. Барша әлемді жаратқан өзінен басқа ешкім болмаған құдіреті күшті Аллаһ бар! Сіздердің табынып жүрген*

пұттарыңыз өзін де қорғай алмайтын тас, топырақ немесе отыннан жасалған. Олардың барлығын тәркі етіп, бір болған Аллаһқа иман келтіріңіздер. Аллаһ мені сіздерге пайғамбар ретінде жіберді» дегенде ең алдымен ағасы Әбу Ләһәб халықтың арасынан атып шықты да артынан шабармандарын ертіп:

- «Сен бізді осыны айту үшін шақырдың ба?» - деп қабақ шытып, теріс бұрылып кетті. Оның шыншыл екенін іштей мойындағанымен, нәпсіге беріліп жалғанға шығарды.

Бірақ Аллаһ Елшісі қаншама қиыншылық көрсе де, алдына жан салмай күресіп, шаһи ақиқаттың мөлдір суын аңсап, шөлге айналған көңілдерге абылхаят іспеттес ұсынып пайғамбарылық міндетін атқарып шықты.

Міне, қажылықта мұндай ғибратқа толы ақиқаттарды ойлап, шын жүрекпен түйетін болсақ, Пайғамбарымыздың (с.а.у) дәріс берген Дарул-Әркамның алдынан өтерде іште Құран Кәрім үйренгендей сезімге бөленеміз. Құран үйреніп жатқан сахабалардың дауысын естігендей боламыз. Бұл Құран тәлімінен кейін іске асқан Һижрәт пен одан кейінгі көрініс тапқан илаһи берекеттерден өз үлесімізді ала аламыз.

Әсіресе, Сәур үңгіріндегі Хз. Пайғамбармен (с.а.у) Хз. Әбу Бәкір арасындағы рухани алыс-берістен өз несібемізді ала отырып, олардың сол үңгірдегі үш күн бойы илаһи сырларға қарық болуы мен жүрек көзін ашу бағытында өткізген арнайы сұхбаттарына жан дүниеміздің шамасына қарай қатыса аламыз. Бұл арнайы сұхбаттан бастау алған «алтын сілсіләнің» махаббат пен шабыт аясында кәміл мағынадағы иманның дәмін тата аламыз.

Нағыз иманның дәмін татқан соң әрбірі жұлдыз іспеттес сахабалардың артынан ілесіп, олардың Мәдина қаласында өткізген үлгіге тұнып тұрған күндерін елестетіп, олардың қайтадан Меккеге оралып, Хз. Пайғамбардың (с.а.у) сол қасиетті аймақты жеңіп алғанын көз алдымызда елестете аламыз.

Сондай-ақ сол маңдағы тауларға қарап, Мекке қаласын алуға келген сахаба әскерінің мүшріктердің жүрегіне қорқыныш ұялату үшін жаққан мыңдаған шырақтың көріністерін сол жерде болғандай көз алдымызда елестете аламыз. Сосын Біләлдің Қағбаның үстіне шығып айтқан азанының даусын естігендей бола аласыз. Хз. Пайғамбарымыздың (с.а.у):

«...Ақиқат (Ислам) келді. Негізсіз нәрселер жойылды...» (Исра 17/81) деген мағынадағы аятты оқып, Қағбадағы пұттарды құлатқанын есімізге түсірі аламыз.

Санамызбен мұндай ойларға шолып шыққан соң өз көңіліміздің Қағба іспеттес екенін ескеріп, оның да құлқының құлы болып, дүниеден басқа ештеңені көре алмайтындай нәпсілік пұттарға толып кете білетінін аңғарып, қажылықтан алған рухани нәр арқылы улы жыланнан да қауіпті ішкі пұттарды жоюуымыз керек. Сонда ғана жүрегіміз Аллаһтың назар салатын орны болмақ.

Міне алуан түрлі сырларға жетудің табалдырығы болған қажылық - әрбір жан үшін рухани кірден арылып, анадан жаңа туғандай пәк күйге еніп, рухани тірілтетін құлшылық.

Қажылық – өз болмысынан, нәпсі деген бөгеттен асып, рухани әлемге саяхат. Қажылық – адам жанының тазарып, өзінің шынайы қалпына келіп, Аллаһтың берекеті мен мейіріміне малынатын ерекше бір құлшылық.

АРАФАТ

Арафат – Аллаһты пана тұтып, кешірім сұрайтын, мінәжат ететін орын. Арафат - қабірден тұрып, адамдардың лек-легімен махшар алаңына жиналуын еске түсіреді. Барлық құлдар Аллаһтың құзырында әлсіз, мұқтаж екендіктерін мойындап, Оның мейрімі мен ғапуын күтіп кешірім сұрайды. Жүрек пен көзден аққан тәубенің жасына малынып, Аллаһқа шын жүрекпен жалбарынады. Ол жерде әрбір адам баласы өміріне жаңа дәптер арнап, қалған өмірін құлшылықпен өткіземін деп Аллаһқа уәде береді.

Осылайша Арафат махшардың көрінісін көзге елестетеді. Қияметтегі ахуалдың бір бөлігіне сол жерде куә боламыз. Шын мәнінде арафат – бейне бір қабірден тұрып, әркімнің

өз істеген күәларына пушайман болып, тек өз қамын ойлайтын махшар жеріне қарай бейшара күйде аяңдап, Раббысына шынайы түрде жалбарынғанын еске түсіреді. Бұл ақ матаға оранып, жалаң бас, жалаң аяқ күйде дүниенің барлық атақ-мансабынан арылу халі.

Енді бір жағынан Арафат біздерді ежелгі естеліктерге қарай еріксіз жетелейді. Хз. Адам мен Хауа анамыздың Аллаһтың тыйым салған ағаштың жемісінен жеп, жер бетіне бірбірінен ұзақ жерлерге түсірілгені мәлім. Олар бірбірлерін іздеп сағынған болатын.

Адам (а.с) Хз. Мұхаммедтің (с.а.у) Аллаһ алдындағы құрмет беделін есіне түсіріп, Оның құрметі үшін кешіруін Аллаһтан сұрады. Аллаһ оның бұл тілегін қабылдап, оған Меккеге дейін жол сілтейтін бір періштені жіберді. Адамның бұл дұғасының берекетімен ол кезде Жиддида өмір сүріп жатқан Хауа анамызға да жол сілтемек болып басқа періште жіберді. Ақыры, екеуі арафа күні екінті уақытында Арафат аймағында табысты. Еңіреп жылай отырып, қайтадан Аллаһтан кешірім сұрады.

Сыйлығы мен жақсылығы шексіз Аллаһ Тағала олардың дұғаларын қабыл етіп қана қоймай, олардың ұрпақтарынан қияметке дейін жыл сайын сол күні сол сағатта сол жерде кешірім тілегендерді кешіремін деп уәде берді. Міне қажылардың Арафатқа шығып кешірім сұрауының мәнісі де осы.

Осы кездесуден кейін Адам ата (а.с.) мен Хауа анамыз Аллаһтың әмірімен қазіргі Мекке қаласын тұрақты мекендеріне айналдырды. Сондықтан Мекке қаласы мекен жайдың анасы деген мағынаға келетін «Үммүл-Құра» деп те аталады.

Өйткені Мекке қаласы жер, ұлт, талғамай, бай-кедей, атақ-мансап деп бөліп жармай, барлық мұсылмандардың Ислам бауырластығы аясында бір үмбет, бір ұлт іспеттес екені шындығының көрініс табатын орны. Ол жерде басшы-жұмысшы, ғалым-надан, бай-кедейдің барлығы жиналып, бір ғана киімге оранып, тарақтың тісіндей тең дәрежеде болады. Бір сөзбен айтқанда бұл жалғандағы айырмашылықтар мен өзгеліктерден арылып, ақ кепенге оранып, Раббымызды пана тұтып, Оған жалбарыну және қияметтің үрейлі көрінісін сезінетін жер.

Осы қасиетті аймақ қауіпсіздіктің, тыныштық пен махаббаттың қайнар көзі, көңілімізді нұрландырып, берекет пен рақымшылыққа бөлейтін пайғамбарлар мекені болып саналады. Қазіргі таңда Ислам әлемінде қаншама заттық не рухани дағдарыстар болса да, осы қасиетті аямақта қажылық пен ұмраның арқасында көрініс тапқан ынтымақ пен бірлік, бауырмашылық үрдісінің өз жалғасын табуы әлем елдері тек қиялдап, аңсап жүрген керемет бір көрініс. Осы елдер құрған ұлтаралық ұйымдар арқылы достықты нығайтудың алуан түрлі жолын іздегенімен тиімді нәтижеге бара алмай келеді. Өйткені олар шегінен шыққан материалдық молшылыққа жеткенімен, рухани күйзелістері солдарынан өз араларындағы қырғи қабақ жанжалдар, қастандық, зұлымдық, әділетсіздік және үстемдік құру жоспарлары ешқашан толастамайды.

МҮЗДӘЛИФӘ ЖӘНЕ ҚҰРБАН

Қажылардың арафаттан кейінгі баратын жері – Мүздәлифә. Құран Кәрімде айтылған «әл-Мәшарүл-Харамның» руханиятымен рахмет көріністеріне толы ерекше аймақ. Жүректерді Аллаһтың ұлылық, құдірет көріністерімен безендіріп, дүниені тіпті ахіретті де артқа тастап, жан-тәнімен Аллаһқа тәсілім болып, тек Оған ғана бет бұруды қажет ететін мекен.

Осы мекендегі уақфа мен басқа да міндеттерді орындағаннан кейін Ибраһим (а.с.) пайғамбардың шалған рухани құрбандығы сияқты қажылардың заттай құрбандық шалуы – олардың көңіл әлемінде сол ұлы пайғамбардың сезімін толқындатқан рахмет, хикмет самалы. Мұны шынайы сезінгендердің аузынан Халиуллаһтың Құран Кәрімде айтқан мына сөздері маржандай төгіледі:

«Мен шынайы түрде көктер мен жердің жаратушысына бет бердім, жөнелттім. Мен (оған) серік қосушылардан емеспін». (Әнғам 6/79)

«Намазым, құлшылығым, тірлігім, өлімім бүкіл әлемнің Раббы – Аллаһ үшін» де. «Оның серігі жоқ. Мен соған (жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге) бұйырылдым. Мен мұсылмандардың алғашқысымын» де». (Әнғам 6/162-163)

«Хз. Ибраһим (а.с.) Бавилоннан Шамға бара жатқанда: «Раббыма кетіп барамын. Ол өзі жетектейді» деді». «Біз оны аса мүләйім бір ұл баламен қуанттық». (Саффат 101)

«Баласы (Исмайл) әжетке жарап қалған кезде Ибраһим оған: «Балақайым! Сені түсімде бауыздағанымды көремін, сен қалай қарайсың? Ойлап көр», деп еді. Баласы: «Әкетайым! Өзіңе бұйырылған істі істе! Құдай бұйырса, мені қайсар шыдамдылар қатарынан табарсың»- деді». (Саффат 102)

«Сөйтіп екеуі де (Аллаһтың әміріне) бойсұнды. Әкесі оны қырынан жатқызды. Біз оған: «Әй, Ибраһим! Түсіңді орындадың. Біз жақсыларды осылай сынаймыз» деп үндедік. Бұл нағыз көрнекті сынақ еді». (Саффат 103-106)

«Біз оның орнына үлкен құрбандықпен ауыстырдық. Біз оған соңғылар ішінде «Ибраһимге сәлем» деген алғыс қалдырдық. Біз жақсыларды осылай сыйлаймыз. Өйткені ол иманды құлдарымыздан еді». (Саффат 107-111)



Хз. Ибраһим (а.с.) Хажар анамыз бен Исмайлды (а.с.) Меккеге әкеліп тастаған соң, Сара анамыздың қасына оралған еді. Олардың хал-жағдайын анда-санда барып, біліп тұрды. Күндердің бір күні Меккеде болған кезінде бір түс көрді. Түсінде дәл аятта айтылғандай ұлын құрбандыққа шалғанын көрді. Ибраһим (а.с.) түсінің шайтани ма әлде Раббани ма екенін біле алмай дел-сал күй кешті. Ол осы түсін үш күн бойы көргендіктен көңілдегі күмәннің тұманы сейілді. Бұл үш күн қажылық мезгілінің тәурме, арафа және айттың бірінші күндері болатын.

Бір риуаятқа қарағанда Ибраһим (а.с.):

-«Аллаһ маған бір ұл берсе, оны құрбандыққа шаламын!» депті. Міне осы сөзі салдарынан мұндай сынаққа түскен еді.

Ибраһим (а.с.) Раббысынан келген әмір бойынша Хажар анамызға ұлы Исмайлды жуындырып, хош иіс себуін талап етті. Оны бір досына алып баратындығын айтты. Хз. Исмайлға пышақ пен жіп ал деді де:

-«Балам, Аллаһ разылығы үшін құрбандық шаламын!» деді.

Арафатта қажылардың уақфәға тұрақтайтын жеріне қарай бет алады. Сол кезде шайтан адам бейнесіне кіріп Хажар анамыздың қасына барады да:

-«Ибраһимнің ұлыңды қайда алып баратынын білесің бе?» - деді.

Ол:

-«Досына алып барады», - деп жауап берді.

Шайтан:

-«Жоқ, оны союға алып бара жатыр», - деді.

Хажар анамыз:

-«Ол ұлын өте жақсы көреді!» - деп қарсы шықты.

Шайтан сөзін сабақтап:

-«Аллаһ әмір бергені үшін бауыздайды екен!» - дегенде Хажар анамыз:

-«Егер Аллаһ Тағала әмір еткен болса тамаша. Оған тәуекел етеміз», - деді.

Шайтан Хажар анамызды арбай алмаған соң, Исмайлдың (а.с.) қасына барады. Сосын Одан сұрайды:

-«Әкең сені қайда апаратынын білесің бе?»

Исмайл (а.с.):

-«Рабымның әмірін орындауға», - деді.

Шайтан:

-«Ол сені бауыздайтынын ұмытпа!» - деп сыбырлап азғырады.

Сонда Хз. Исмайл:

-«Жоғал малғұн! Біз Раббымыздың әмірін құштарлықпен орындаймыз!» деп шайтанға ашуланған кейіп танытып, таспен ұрып қуып жіберді.

Шайтан Исмайлды (а.с.) да арбай алмады. Сосын амалсыз Ибраһимнің (а.с.) қасына барды.

-«Әй, қария! Ұлыңды қайда алып барасың? Шайтан сені түсіңде алдады! Сенің түсің шайтаннан», - деді.

Ибраһим (а.с.):

-«Сен шайтансың! Бұл жерден қараңды көруші болмайын!» - деді.

Қолына жеті тас алды да шайтанға үш жерде тас лақтырды.

Міне қажылықтағы шайтанға тас лақтыру осыдан бастау алған еді. Олардың Аллаһқа деген имандарының беріктігі Мұхаммед (с.а.у.) үмбетіне үлгі ретінде қалды.

Ибраһим (а.с.) Исмайлмен (а.с.) бірге Минадан Арафатқа қарай аяңдап келе жатқанда аспандағы періштелер еркеше бір тебіреніспен бір-біріне:

-«Сүбханаллаһ! Бір пайғамбар екінші бір пайғамбарды құрбандыққа шалуға апара жатыр!» - деді.

Ибраһим (а.с.) ұлы Исмайлға (а.с.) істің мәнін былай деп түсіндіріп берді:

-«Әй, ұлым, түсімде сені құрбандыққа шал деген әмір келді», - деді.

Исмайл (а.с.):

-«Әкешім, мұны саған Аллаһ әмір етті ме?» - деп сұрады.

Ибраһим (а.с.):

-«Иә!» - деді.

Сонда Исмайл (а.с.):

-«Әкешім! Олай болса, әмірді орында! Иншаллаһ мені сабыр етушілердің қатарынан табарсың!» - деп жанын құрбан етуге дайын екендігін білдірді. Сол кезде Исмайл (а.с.) жеті немесе он үш жасындағы бала еді.

Риуаятқа қарағанда Жәбірейілдің (а.с.) қатты абыржып, үлгеруге асыққан үш оқиғаның бірі Ибраһинің ұлы Исмайлдың кеңірдегіне пышақты тақаған кездегі сәт екен. Сол сәтте Жәбірейіл (а.с.) пышақты өтпес қылып, Аллаһқа шынайы тәсілім болулары себебімен оларға сый ретінде жұмақтан жіберілген қошқарды құрбандыққа шалатындарын айтты. Осылайша шын жүрекпен тәкбір айта отырып, сол қошқарды құрбандыққа шалды.

Сондықтан құрбандық шалудағы негізгі мақсат – осы оқиғаны еске ала отырып, оқиғадағы иләһи сырлардан тиісті нәсіпті алу әрі Аллаһқа жан-тәнімен тәсілім болып, тақуалықпен құлшылық ету турасында көңілдің ояу болуы. Сондай-ақ Құран Кәрімде былай баяндалады:

«Аллаһқа олардың (құрбандарының) еттері де, қандары да бармайды. Бірақ сендердің тақуалықтарың ғана барады». (Хаж 22/37).

Екіншіден қажылықта құрбан шалғаннан кейін шаш алдырудың да өзіндік сыры бар. Исламнан бұрын әдет бойынша қожайын құлын азат еткенде, оның шашын ұстарамен алып тастайтын-ды. Бұл – құлдықтың бір белгісі болатын. Сондықтан қажылықтағы шаш алу рәсімі арқылы қажылар әрдайым Аллаһ Тағаланың құлы екенін мойындап дәлелдеген болады. Яғни шаш алу арқылы өзімізді барлық болмысымызбен Аллаһқа атап, арнағанымызды, Оған толық берілген құл екенімізді жария еткен боламыз.

МИНА ЖӘНЕ ШАЙТАНҒА ТАС ЛАҚТЫРУ

Хз. Ибраһим мен Хз. Исмайлдың шайтанға тас лақтырып, оны жеңген жері Мина деп аталады. Мина – құлдың кез-келген жағдайда Раббысына тәуекел етіп, құлай берілу сезімінде болу керек екендігін білдіретін қасиетті мекен.

Шайтанға тас лақтыру – алдымен өз ішіміздегі шайтанға тас лақтырумен басталады. Жоғарыда айтып өткеніміздей шайтан Хз. Ибраһим, Хз. Исмайл мен Хажар анамызды да азғырмақ болған. Олар сияқты шайтанды таспен ату – қажылықтың уәжіп міндеттері арасынан табылады. Бұл солардан қалған үрдіс.

Тас лақтыру – бейне бір лағынет айтуды білдіреді. Өйткені сол дәуірлерде қарғыс айтудың белгісі – тас лақтыру болатын. Шайтанның лағынетке ұшырағандығын білдіру үшін «рәжім» яғни қуылған, таспен ұрылған деп аталған.

Мұны да ескере кеткен жөн болар. Жерден алып лақтырылған әрбір тас күнәға қарай лақтырылған тас. Ниетіміз Аллаһтың разылығын алу болу керек. Бұл тұрғыда Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

«(*Шайтанға) тас лақтыру, Сафа мен Мәруәның арасында жүгіру, тек Аллаһтың атын үстем қылу үшін ғана әмір етілген*». (Тірмізи, Хаж 64/902)

Сонымен қатар тасты лақтырудағы мақсат – шайтанға қарғыс айту. Өйткені ол Хз. Адамды топырақтан жаратылғаны үшін қор тұтып, өзін оттан жаратылғанмын деп жоғары санап көкірек керген еді. Аллаһ Тағала да оны төмен деп санаған топырақтың бөлшегімен атқылаған.

Шайтанға тас лақтырған кездегі ерекше сезім барлық өмірімізді қамтуы тиіс. Шайтанның жүрегімізге салған әрбір сыбдырын:

“أَعُوذُ بِاللهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ”

«Лағынетке ұшыраған шайтанның кесірінен Аллаһқа сиынамын» деп күл талқанын шығару қажет. Осылайша ақтық демімізге дейін шайтанды маңымызға жуытпауға міндеттіміз. Құран Кәрімде Аллаһ Тағала былай дейді:

«Алда-жалда сені шайтан түртсе, онда Аллаһқа сиын». (Фұссиләт 41/36).

Қорыта айтатын болсақ, шайтанды таспен ату – лағынет айтып, жүректің әртүрлі ғапылдық пен азғырудан аулақ түрде, Жаратушыға бет бұруы деген сөз.

Қаж бен ұмрада мына жайтты қаперден шығармаған жөн:

Ұрылар мен қарақшылар зергерлік бұйымдарын сататын дүкен тұрғанда дүмбіршіктерді тонап бас қатырмайды. Өйткені байлық пен бағалы заттардың барлығы зергерлік дүкендерінен табылады. Құлшылығына тастай берік мүмин мен құлшылықтың иісі мұрнына бармайтын ғапыл кісі дәл осыған ұқсайды. Адам баласын азғындыққа ұшырату үшін Аллаһ Тағаладан рұқсат алған малғұн шайтан құлшылығын ұқыпты түрде орындағандардың қыр соңына түсіп алады. Яғни хаж бен ұмраға баруға ниет еткендерді көбірек азғырады деген сөз. Сондықтан қажыға баратындардың шайтанға қарсы қолданатын ең бірінші қаруы – «сабыр» болуы тиіс. Өйткені хаж өзге ғибадаттардан ерекше ғибадат. Сырт көрініске оңай болып көрінгенімен, ең қиын құлшылықтың бірі. Сондықтан ниет еткенде:

-«Аллаһым! Оны маған жеңілдете гөр!...» деп айтылады.

Қаж бен ұмрада:

لَبَّيْكَ اللَّهُمَّ لَبَّيْكَ، لَبَّيْكَ لاَ شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ،

اِنَّ الْحَمْدَ وَالنِّعْمَةَ لَكَ وَالْمُلْكَ لاَ شَرِيكَ لَكَ

деп Хаққа жалбарынған ғашық көңілдер осы тәлбие сөздерімен Раббыларының шақыруын қабылдағандарын әрі Аллаһтың мүлкінде Одан басқа тәңір жоқ екенін жария етіп, бұдан былайғы өмірінде нәпсі мен шайтанның арбауына құлақ аспауға уәде бергендігін есінде сақтауға тиіс.

Сондықтан мүмин шайтанның әртүрлі айла-шарғысына қарсы ояу, сергек болуға тиіс. Сондай-ақ машақаты мен тауқыметі бар бұл сапардың белестерінен мойымай өтіп, сабыру ету қажет. Мұның барлығы Аллаһтың сынағы екендігін ұмытпай хаж бен ұмраның рухани дүниемізге беретін берекетінен құр алақан қалмауымыз керек.

САФА-МӘРУӘ ЖОТАЛАРЫ ЖӘНЕ САЪИ (жүгіру)

Сафа мен Мәруә қаситетті жота. Қазіргі зәмзәм құдығының тұрған жерінде су іздеп аузы қурап отырған Исмайлға (а.с.) анасы Хз. Хажар су іздеп осы Сафа мен Мәруә төбелерінің арасында ары-бері жүгіріп қатты әбігерге түскен. Сондықтан Сафа мен Мәруәнің арасында ары-бері жүгіру, адамның Жаратушыға деген ынтызарлық пен өзінің әлсіз әрі шарасыздығын білдіретін мінәжаты болып табылады. Сол үшін былай істеу қажылықтың негіздері арасына «саъи» деген атпен қосылған.

Аллаһ Тағала осы екі төбенің маңызын былай баяндайды:

اِنَّ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ مِنْ شَعَائِرِ اللهِ

«Негізінде Сафа мен Мәруә» Аллаһтың белгілерінен...». (Бақара 2/158).

Мүминдердің Аллаһтың белгілеріне ілтипат көрсету керектігін Құран Кәрімде айтып өткен:

«Кімде-кім Аллаһтың белгілерін ұлықтаса күдіксіз ол жүректің тақуалығынан». (Хаж 22/32).

ҚАСИЕТТІ ҚАҒБА

Мүміндердің құбыласы – Қасиетті Қағба Құран Кәрімде Аллаһтың:

«Аллаһқа сәжде қыл, жақында!» (Алақ 96/19) деген әмірімен намаз оқығанда бет бұратын бағыты. Сонымен қатар барша мұсылмандардың ерекше мән беретін әрі Ислам әлемінің күре тамыры соққан жері.

Аллаһ Тағаланың назар салатын орны – адамзаттағы оның жүрегі болса, әлемдегі орны да Қағба. Яғни әлемдегі Қағба адамның жүрегі іспеттес. Сондықтан қажылық – Қағбаның асқақ дәрежесін ескере отырып, ерекше бір тебіреніспен орындалатын ғибадат.

Бәйтұллаһ яғни Аллаһтың үйі деп аталатын Қағбаның Адам атадан бастап құлшылық орнына айналғандығын әрі шамасы жеткендерге қажылық парыз екенін көркем аяттарда былай баяндайды:

«Сөзсіз бүкіл әлемге берекет пен һидайәттің (тура жол) қайнар көзі ретінде адамдар үшін тұңғыш салынған үй (Қағба) Меккеде»

Онда ғибратқа толы айқын дәлелдер және Ибраһимнің (а.с.) орны бар. Сондай-ақ кімде-кім оған кірсе, аман болады. Шамасы жеткен адамдардың Аллаһ разылығы үшін Қағбаны зират етуі (хаж қылу) – Аллаһтың адамдардағы хақы. Кімде кім қарсы келсе, Аллаһ барлық әлемнен беймұқтаж». (Әли-Имран 3/96-97).

Қасиетті Қағбада «Мақам Ибраһим», яғни Халиұллаһ деген аты бар Ибраһимнің (а.с.) орны бар. Аллаһ Тағала хаж бен ұмраға бару нәсіп болған мүминдерге оның басқан жерлерін басып, оның орнының артында тұрып тауаф намаз оқуды міндеттеген.

Қағбада оған сәлем беріп, сүйетін «Хажари Әсуәд» - Аллаһқа бәйғат етіп (бағынып), Оған құлшылық пен тағат қылу турасында уәде берудің мекені болған қасиетті тас. Оған сәлем беру – негізінде бойымыздағы жалғанның жылтырағынан бас тартып, шайтанның тұзағына түспеуге уәде беру деген сөз.

Хажари Әсуәд тауафты бастау мен аяқтаудың белгісі. Қағбаның дерлік барлық тасы қазіргі күнге дейін талай рет ауыстырылып жөнделгенімен, Хажари Әсуәд еш ауыспастан күні бүгінге дейін сол қалпында сақталған. Оны Пайғамбарлар сұлтаны – Мырзамыз Мұхаммедтен (с.а.у.) бастап, қаншама қадірлі адамдар ернімен сүйіп, қолымен сипаған. Сөйтіп ол қарапайым тас болып тұрғанда берілген мәртебенің арқасында көңілімізге әсер беретін бір шоқ гүл болды.

Қысқаша айтқанда Қағба – осыншалықты қыруар ерекшеліктерімен бейне бір Аллаһтың Аршының жер бетіндегі көлеңкесі, мейірім мен берекеттің қайнар көзі. Басқаша айтқанда Аллаһ Тағаланың рахымы мен кешірімі шағылысқан жарқыраған айна көңілімізді жаздай жадыратын мекен.

Қағбаның қалай тұрғызылғандығы хақындағы риуаяттарға қарағанда, Хз. Адам мен Хауа анамыз жұмақтан шығарылып, сосын екеуі Арафатта табысады. Сосын батысқа қарай беттеп, Қағбаның тұрған жеріне келеді. Осы кезде Адам ата өзін табыстырған Аллаһқа шүкір етіп, құлшылық қылғысы келеді де, жұмақта жүргенде айналып тауаф етіп, құлшылық қылатын нұрлы ұстынды бер деп сұрайды. Сол кезде нұрлы ұстын көрініс табады. Хз. Адам оны айналып тауаф етіп, Аллаһқа құлшылық қыла бастайды.

Осы нұрлы ұстын Хз. Шит пайғамбардың заманында көзден ғайып болып, орнында бір қара тас ғана қалады. Хз. Шит пайғамбар оның орнына төрт бұрышты бір үй салады да қара тасты үйдің бір бұрышына орналастырады. Қазіргі Хажари Әсуәд деп айтып жүрген қара тасымыз осы.

Нухтың топаны болған тұста үй құлап, ұзақ уақыт бойы құмның астында көміліп қалды. Хз. Ибраһим Аллаһтың әмірімен Қағбаның орнына барып, ұлы Исмайл (а.с.) мен анасы екеуін сол жерге орналастырады. Сосын Исмайлмен (а.с.) бірге Аллаһтың әмірімен Қағбаның орнын қазады. Хз. Шиттің салған үйінің іргесін тауып, Қасиетті Қағбаны тұрғызады.

Ибраһим (а.с.) Қағбаны тұрғызып болған соң, Аллаһқа былай деп дұға қылады:

«Раббым! Осы жерді тыныш бір қала қыла гөр! Және халқынан Аллаһқа, ахірет күніне иман келтіргендерді, әртүрлі жемістермен рызықтандыр». (Бақара 2/126)

Ибраһимнің (а.с.) осы дұғасының берекетімен Мекке қаласында дүниеге тән рахат сезімі имандағы ләззатқа байланысты болып көрініс табады.

Қағба шамамен он бір рет қайта тұрғызылған:

Ең алдымен періштелер тарапынан, екіншіде Адам ата, үшіншіде Шит (а.с.), төртіншіде Ибраһим (а.с.), бесіншіде Амалика рулары, алтыншыда Жүрһумилер, жетіншіде Құсай, сегізіншіде Құрайш, тоғызыншыда табиун дәуірі ғұламасынан Абдұллаһ бин Зұбәйір, оныншы Хажжаж Залым, ең соңғы рет Османлы мемлекеті сұлтаны IV Мұрат Хан тарапынан жөнделген.

Османлының Қасиетті Қағбаға деген ерекше ілтипаты мен құрметі оны тұрғызған кезде де айқын байқалған. Атап айтар болсақ,

IV Мұрат дәуірінде қатты сел тасқыны болып, Қағбаның екі қабырғасы мүжіліп құлайды. Мұны естісімен атақты сәулетші Ридуан Ағаны Меккеге жібереді. Меккеге барып, болған жайтпен егжей-тегжейлі танысқаннан кейін Қасиетті Қағба жайлы жоғарыға мәлімет жібереді. Сонда «құлап, қираған» деген сөздерді қолданғаным Қағбаға құрметсіздік болар деген оймен әдептен аспай былай деп жазады:

«Қағбатұллаһтың мына-мына тұстары иіліп сәжде жасап тұр».

Сонымен қатар Қағбаны тұрғызған кезде де құрылысқа қажетті заттарды таситын малдардың қасиетті жерді былғамауы үшін алдын алу шараларын қарастырудың өзі назар аударарлық жайт.

АЖАЛ КЕЛМЕЙ ТҰРЫП.

Өмір сүру мүмкіндігі адам баласына бір рет берілетіндігін ұмытпау керек. Өмір бар жерде өлім бар демекші әр пендеге бір өлім. Бұл Аллаһтың қойған заңдылығы. Айы, күні, сағаты, минут секунтына дейін белгіленіп қойған. Ажалды ұзарту мен кешіктірудің мүмкін есемтігі бұлтарпас шындық. Өлімнен қашып құтылғандарды осы уақытқа дейін естігеніміз жоқ. Қайда барсаң Қорқыттың көрі деген сөз осыдан қалса керек.

Сондықтан қажылыққа баруға тиісті ауқатты адамдар осы шындықты естен шығармай еріншектік пен немқұрайдылықтан сақтанғаны жөн. Өйткені өлімнен соң өкініштің ешқандай пайдасы болмайды. Олай болса осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, Раббымыздың біздегі хақы – қажылықты мүмкіндігі барынша ерекше ыждығаттылықпен орындауға тырысуымыз

қажет. Егер мұны орындамаған жағдайда Хз. Пайғамбарымыздың үрейлі ескертуіне душар болуымыз әбден мүмкін:

«*Кімде-кімнің ішіп-жейтіні мен көлігі бола тұра (жағдайы болып) қажылыққа бармаса, оның яһуди яки христиан болып өлуіне ешкім кепіл бола алмайды*». (Тірмізи, Хаж, 3)

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) осы ескертуі қажылыққа баруға шамасы жете тұрып, орындамағандардың халі өте мүшкіл болатынын баяндап тұр. Сондықтан жағдайы көтеретін әрбір мүминдердің қажылықтан макрұм қалуы орны толмас өкінішке апарып соқтырады!...

Мүмкіндігі бар мүминнің өмірінде бір рет қажыға баруы – парыз. Ал қайта-қайта бару – мүстахаб әрі сауабы да ерек мол.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл жайлы былай деген:

«Хаж бен ұмраға арты-артынша бару, өмір мен рызықты арттырады. Кедейлік пен күнәдан оттың темірдің татын кетіргендей арылтады». (Ахмет, III, 446-447)

Ал құдси хадисте былай айтылады:

«*Аллаһ Тағала былай дейді: Мен құлымның денсаулығы мен жағдайын жақсартып, рызықты молынан бергеніммен де, ол әр төрт жыл сайын Маған келмейтін болса (яғни хаж бен ұмраға бармаса) ол макрұм адамның дәл өзі*». (Хәйсәми, III, 206)

Жоғарыда байқағанымыздай намаз, ораза сияқты парыз ғибадаттардың нәпілдері болғанындай хаждың да нәпілі бар. Бірақ қажылықтың нәпілі жайлы айтылып жүрген алып-қашты әңгімелердің күпірлікке соқтықтыруы мүмкін. Мұндай сөздер шындыққа қайшы, надандықтан туындаған сөздер болып, иман мен ғибадаттың ләззатынан макрұм қалудың белгісі болып табылады.

Нәпіл ғибадаттар Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінен бері ерекше бір ықласпен орындалып келеді. Бұл тұрғыда Имам Ағзамның 55 рет хажға барғанын айтуымыз, осы мәселеге айқын мысал болса керек. Имам Ағзам Әбу Ханифа қаншама шәкірті мен жұмысы басынан асып жатса да уақытының шамамен үштен бірін қажылыққа арнаған. Ол дәуірлерде түйемен Бағдаттан Мекке мен Мәдинаға барудың өзі ауыз толтырып айтарлықтай қиыншылық туғызатыны тағы бар. Міне Аллаһтың достары Қағбадан басқа жерлерден оншалықты рухани байлыққа қол жеткізе алмайтынын жақсы білгендіктен мүмкіндік таба қалса қажыға барып, Расулұллаһты зиярат етуді үлкен ғанибет деп санайтын.

Өйткені ерекше бір тебіреніспен орындалған нәпіл ғибадаттар Аллаһқа жақындауға зор мүмкіндік береді. Жан-дүниемізді байытады. Аллаһ Тағала мұндай құлдарының көретін көзі, еститін құлағы болады. Бір сөзбен айтқанда ойы, пікірі мен сезімдері, әрекеттері иләһи нұрмен нұрланып тұрады.

ТӘУЕКЕЛ ЕТУ МЕН ТӘСІЛІМ БОЛУ

Қажылық – ережелері арқылы адамды жүрекпен түйсінуге жетелейді. Расында Қағба Ибраһимнің (а.с.) отбасымен бірге Аллаһқа деген тәуекелі мен тәсілім болуының естеліктеріне толы мекен. Тәуекел ету, тәсілім болу мен қажылық туралы айтылар болса, ойымызға дереу Ибраһим (а.с.) мен Исмайл (а.с.) оралады. Сондықтан көптеген шарты мен ережесі бойынша қажылық – олардың ықылас-ниеттерінің берекетімен қиямет қайымға дейін жалғасып отыратын салих амал болып саналады.

Тәуекел сөздікте «сүйену, сенім арту, уәкіл ету, уәкілдікке сенім арту» деген мағыналарға келеді. Тасаввуфта (сопылақ) болса, ішкі жан-дүниесі Аллаһқа деген сенімге қанық болған адамның тек Оған сенім артуы және Оған сиынуы.

Аллаһ Тағала Мұсаға (а.с.) қолындағы асасын сұрап, кейін: «Оны таста!», - деп әмір берді. Өйткені аса Оның Раббысына деген тәуекеліне тосқауыл еді.

Құран Кәрімде былай баяндалады:

«...Мүминдер тек Аллаһқа ғана тәуекел қылсын». (Ибраһим 14/11; Тәубе 9/51)

«...Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер». (Мәидә 5/23)

«...Ал кім Аллаһқа тәуекел қылса, Аллаһ оған жетіп асады». (Талақ 65/3)

Ал, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде:

«*Егер толығымен тәуекел қыла алсаңдар, таңертең ұясынан аш шығып, кешкісін ұясына тойып оралған құстардың азықтанғанындай рызықтанасыңдар!*» (Тірмізи Зуһд, 33) делінген.

Тәуекел – алдын алу шаралары мен себептерді сырып тастау емес, керісінше шарттарды орындағаннан соң Аллаһқа сиыну.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деді:

«...Қандайда бір іс жөнінде олармен кеңес қыл. Кеңестен кейін бір нәрсеге бел буып, қарар берсең, Аллаһқа тәуекел ет...». (Әли Имран 3/159).

Екі дүниеде де мүминдердің жәрдемшісі – Аллаһ Тағала. Кімде-кім оған тәуекел қылса, Аллаһ оған жетіп асады. Адамның жеке өз басына болсын, қоғамдық жүйеде болсын шынайы бақыт пен тыныштыққа қол жеткізуі тек қана Оған бет бұрып, Одан медет тілеуі мен Оған тәуекел етуі арқасында болмақ.

Тәсілім болу سَلِمَ етістігінен тарайды. Мойынсұну, басқа түскен іске қарсы келмей және разылық білдіру, сөйтіп сәлеметке жету дегенді білдіреді.

Ибраһим (а.с.) пайғамбардың жүрегінде Аллаһтан басқаға орын жоқ болатын. Сондықтан да Аллаһ Тағала оны өзіне Халил, яғни дос тұтты.

Періштелер:

-«Әй, Раббымыз! Ибраһимнің жаны, бала-шағасы мен мал-мүлкі бар! Ол саған қалайша дос болады?!.» десті.

Аллаһ Тағала да Ибраһимнің (а.с.) үш жерде өзіне қарсылықсыз берілгендігін періштелерге көрсеткен еді. Осындай сынақтар мен нәтижелері қияметке дейінгі үмбетке үлгі болады.

Ибраһим (а.с.) отқа тасталатын кезде періштелер жәрдем беруге келеді. Сонда ол:

-«Сіздердің жәрдемдеріңіз қажет емес!..Отты жандыратын кім?» деп, артынан «Аллаһ нендей жақсы уәкіл!» деп Раббысына сиынған еді.

Оның осы берілуінің сыйы ретінде Аллаһ:

«Әй от! Ибраһимге салқын, сәлемет бол» деп бұйырған еді». (Әнбия 21/69).

Ибраһим (а.с.) мал-мүлкін Жәбірейілдің (а.с.) Аллаһты үш рет зікір еткені үшін:

- «Мыналардың бәрі сенікі болсын!» - деген-ді.

Тағы бір кезі Ибраһим (а.с.) баласы Исмайлды құрбандыққа шалумен сыналғанда Аллаһ Тағаланың әміріне деген беріктігін көрсетіп, сынақтан сүрінбей өтеді.

Міне нағыз құлдық – тәсілім болу. Өйткені, Аллаһ Тағала құлының өзінен басқаға берілуіне разы болмайды.

Тәсілім болу – махаббаттан туындайтын тағат. Бұл тағат пен тәсілім болудың берекетімен Ибраһим пайғамбардың жаны, мал-мүлкі мен бала-шағасы оның Раббысының жолында жүруіне ешқандай кедергі жасай алмады. Сөйтіп Қажылық – Ибраһимнің (а.с.) Раббысына деген тәуекелшіл әрі Оған құлай берілуінің озық үлгісін қияметке дейін көрсететін белгісі болды.

Өйткені Ибраһимнің (а.с.) тілі жүрегінің тілмашы болып үнемі түрде:

«Бүкіл әлемнің Раббысына бойсұндым» (Бақара 2/131) деп жатқан-ды.

Хз. Ибраһим мен Хз. Исмайлдың Аллаһқа деген тәуекелі мен тәсілім болуын тайға таңба басқандай көрсетіп беретін қажылық – пенделік сипаттардан арылып, Аллаһтың мағфират (кешірім) аясына, тәуекел мен тәсілім дариясына кіруді білдіреді. Сондай-ақ Қажылық – махаббатпен көмкерілген ғибадаттың орындалуы.

Мінекей қажылық ғабадатының біздерге түсіндіретіні – күнәдан тазару тек қана жалынып-жалбарыну, тәуекел етіп, тәсілім болу және де жүрекпен терең түйсіне отырып орындалған ғибадаттардың берекетімен болатыны.

Енді бір мәселеге назар аударсақ жөн болар. Қажылық пен ұмраға бару мақсатымен жолға шыққандар тәуекел мен тәсілім болуды дұрыс түсініп, жолға материялдық әрі рухани тұрғыдан тас түйін дайындалуы қажет. Өйткені Емен халқының кейбірі еш дайындықсыз құрғақ сөзбен: «Біз Аллаһқа тәуекел еттік!» деп қажылыққа бармақ болып жолға шығады. Олар Меккеге барғанда қарындары ашып, тілене бастағанда мына аят түседі:

«Азық алыңдар. Негізінде азықтың жақсысы – тақуалық». (Бақара 2/197).

Осы аяттан қасиетті жерге материялдық һәм одан әлдеқайда маңызды рухани азықтану қажеттігін байқаймыз. Ондай азыққа әлбетте «тақуалыққа» қол жеткен шынайы жүрек арқылы жетуге болады. Өйткені, Аллаһтың ахлақымен ахлақтанудың ең табиғи нәтижесі – Аллаһқа деген махаббатқа толы асқақ көңілге ие болу.

<u>МӘБРУР (ҚАБЫЛДАНАТЫН) ҚАЖЫЛЫҚ пен ҰМРА ҮШІН ОРЫНДАЛУЫ ТИІС РУХАНИ ӨЛШЕМ мен ШАРТТАР</u>

Егер қажылық бен ұмрамыз Аллаһтың құзырында қабыл болсын десек мына төмендегі өлшемдер мен шарттарды орындауымыз қажет:

1. Қажылық пен ұмраға ықласпен ниет етіп, бұған қайшы келетін ниет пен әрекеттерден сақтану.

Аллаһ Тағаланың разылығына бөленіп, иләһи берекеттен нәсіптену үшін қажылық пен ұмраға ең алдымен шынайы ниет етіп, бұл туралы Аллаһ Тағалаға уәде бергенде, ішкі-жан дүниеміздегі нәпсілік қалау мен пенделік кемшіліктерімізді түп тамырымен қопарып жоюға тиіспіз. Осы қасиетті аймақта әсіресе «мендік» сезімінен арылу қажет. Қажылық пен ұмраға осындай ерекше бір рухани сезіммен білек сыбап кірiскендер, иләһи рахмет пен берекеттің қақпасынан өтіп, ондағы керемет пен сыр сарайының құрметті қонағы болады. Бұдан кейін қажылардың мынаны істеуі керек:

2. Ихрам киерде, шешкен заттық киімдерімен бірге жүректегі Аллаһтың нұрын жауып тұрған өзге киімдерді де шешу:

Аллаһтың разылығы бағытында қажылық пен ұмра үшін жасаған көңілдегі келісім-шарттың көрінісі және де ықласымыз бен шынайылығымыздың да көрінісі ретінде ихрамды кигенде тек қана сыртқы киімдерден емес, ішкі жан-дүниеміздегі байлық, атақ-даңқ сияқты қалаулардан да арылып, тақуалық киімін киюге тура келеді. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

«Ішкі дүниесін тазартқан кісі құтылды». (Шәміс 91/9)

Сол қасиетті аймақта Аллаһқа көңіл аударып, дүниенің күйбең тіршілігінен әрі мүмкіндігі барынша базар аралап, сауда жасаудан сақтанған жөн. Өйткені мұндай істермен шұғылданған сайын жүректі ғапылдік баурап алады да қасиетті аймақтан рухани нәсібімізді алу қиынға соғады.

Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) қажылықты тәмәмдаған соң Меккеде қалу жайлы сұрақ сұрағандарға:

«*Мекке тұрақтайтын жер емес. Сырттан келгендер қажылығын орындағаннан кейін Меккеде үш күн ғана қалуына болады*», (Ахмет, IY, 339) деп жауап беруі осы шындыққа байланысты болатын. Хз. Омардың қажылық пен ұмраға келгендерге міндеттерін атқарып болған соң, алған әсерлерінен айрылып қалмас үшін дереу мемлекеттеріне қайтуын өсеит еткен.

Қажылық пен ұмрада Қағбаның Раббысына бет бұрып, «...Оның құлдарына күре тамырынан да жақын» (Қаф 50/16) екенін түйсіну қажет. Сондай-ақ «...Аллаһтың адам мен жүрегінің арасына кіретінін біліңдер» (Әнфал 8/24) деген аяттың мағынасын түсініп, Одан ештеңенің жасырын қалмайтынын білу керек. Яғни дүниелік, өткінші әрі алдамшы қызықтардан арылып, жүректің Аллаһпен бірге болуына мән беруіміз тиіс. Өйткені қажылық пен ұмраның негізі мынау:

3. Материялдық әрі рухани тұрғыдан тазару:

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қажылық пен ұмрада орындалатын салих амалдардың себебімен қол жеткізетін жетістіктер жайлы айтқанда, бір жағынан осы ғибадаттағы мақсатты да былай баяндайды:

«*Қажылық пен ұмраның арасын біріктіріңдер. Өйткені олар темірдің татын тазалаған от сияқты тазалайды*». (Нәсай, Мәнәсик, 6; Ибн Мәжә, Мәнәсик, 3)

Міне, осындай рухани кірлерден арылып, анадан туғандай кіршіксіз болуға әрі иманды жаңартуға орасан зор ықпал ететін сонымен қатар хадис шәрифте «қажылық пен арасын біріктіруді» өсиет еткен «ұмраның» құлшылықтың арасында алар орны ерек.

Жылына бір мәрте белгіленген уақытта ғана орындалатын қажылықтан басқа, жылдың кез-келген мезгілінде қалауыңша орандауға мүмкіндік берілген «ұмраға» ерекше мән берілгені соншалық «кіші қажылық» деп аталған. Сондықтан ұмраның сырын терең түсінуге тиіспіз.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) ұмраға баруға рұқсат сұрап келген Хз. Омарға:

- «*Бауырым, бізді де дұғаңа қосуды ұмытпа!*» деген. (Тірмізи, Дәауат, 109/3562).

Хз. Омар өзіне көрсетілген ерекше ілтипаттан қатты әсерленіп, ішкі сезімін былай жеткізеді:

- «Расулұллаһтың (с.а.у.) осы сөзінің орнына маған дүниені де берсе мұншалықты қуанбас едім». (Әбу Дәуіт, Уитир, 23/1498).

Міне осы мысал басқа сырлармен бірге ұмрадағы дұғалардың басқа уақыттағы дұғалардан әлде қайда абзал екендігін көрсетеді. Демек фәйзге толы ұмрадағы шынайы ниет пен мінәжаттардың сауабы ерек мол.

Қажылықтан кейін әсіресе Рамазан айында орындалатын ұмралар рухани арылуға үлкен септігін тигізеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде Рамазан айында жасалған ұмраның өзімен бірге жасалған қажылық сияқты болатынын білдірген. (Қараңыз. Бұхари, Ұмра, 4; Мүслим, Хаж, 221).

Сондықтан да қажылық пен ұмрадағы негізгі мақсат, осыншалықты сауапқа кенеліп, рухани тазару болса, әлбетте Хижаз жолаушыларының мән беретін ендігі бір мәселесі төмендегідей:

4. Харам мен күмәнді нәрселерді тәркі етіп, Харам Шәрифке әдептілікпен кіру әрі діни нышандарға құрмет көрсету:

Ең алдымен ғибадат пен қайырлы істер адал табыспен орындалуға тиіс. Өйткені бұл ғибадаттардан әсер алу тәніміздің адал азықпен қоректенуіне байланысты. Әсіресе қажылық пен ұмраны адал табыспен орындаудың маңыздылығын Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде былай баян етеді:

«*Кімде-кім Қағбаны харам жолмен келген қаржымен зиярат ететін болса, Аллаһқа қарсы шыққан болады. Мұндай адам қажыға баруға ниет етіп, ихрамын киіп, түйесін жүргізгеннен кейін; «Ләббәйк Аллаһуммә ләббәйк» десе, көктен оған былай делінеді:*

«*Саған ләббәйк те, сағдәйк те делінбейді (мархабат, ...?) Себебі сенің табысың харам, азығың харам, көлігің харам. Ешқандай сауаб алмай күнәһар күйіңде қайт! Ұнатпайтын нәрсеңе жолығатындықтан қасірет шек!»*

Алайда кімде-кім өзінің адал табысымен қажылыққа барса, көлігіне мініп, «Ләббәйк Аллаһуммә ләббәйк» десе, көктен оған былай делінеді:

Сөзіңе мән беріліп, жәрдем етіледі! Саған жауап беріледі. Себебі сенің көлігің адал, киімің адал, азығың адал. Қанекей мол сауапқа кенелген және еш күнәсіз болған күйіңде қайт! Сені қуантып, разы қылатын нәрсеге жолығатыныңа қуан!» (Һәйсәми, III, 209-210)

Хадис шәрифте харам малмен қажыға барған адамның ешқандай нәсібі болмай, барлық жақсылықтан жұрдай қалатыны айтылған.

Сондықтан қажыдағы бірінші шарт – адал табыс. Одан соң шынайы көңіл... Өйткені тілден ағып тұратын әрбір «Ләббәйк» яғни «Әмір ет Аллаһым! Әміріңе құлдық ұрамын, әрдайым орындауға дайынмын!» деген сөз шынайы жүректен шығуы тиіс. Міне сонда ғана әрбір «Ләббәйк» деп айтылған сөз құлды Хаққа жақындатады. Бірақ құрғақ сөздің ешқандай пайдасы жоқ. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) немересі Хз. Хұсайн «Ләббәйк» деп айтқанда:

-«Егер осы сөзіме «Лә ләббәйк, саған түк те жоқ!» деп жауап берілсе, жағдайым не болмақ?» деп түрі бозарып кетеді екен...

Қажылық кезінде өте сақтықты талап ететін харам нәрселер бар. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай баяндалады:

«Хаж белгілі айлар. Кім ол айларда міндеттенсе, хаж кезінде әйелге жақындасу, кінә істеу және жанжал жоқ. Әй ақыл иелері! Нендей қайыр істесеңдер, Аллаһ оны біледі. Және азық алыңдар. Негізінде азықтың жақсысы тақуалық. «Әй ақыл иелері! Менен ғана қорқыңдар». (Бақара 2/197).

Ол жерде өтірік, дау-жанжал, яғни жыныстық қатынас, талас-тартыс сияқты тыйым салынған істермен бірге, Аллаһтың құлдарын ренжітуден де сақтану керек. Өйткені ол жердегі халықтың көптігінен қажылар бір-бірін ренжітіп алуы әбден мүмкін. Бұдан сақтану үшін әсіресе тауап ету кезінде сипайылық пен әдептілікке баса назар аудару қажет. Тауапта адамдардың легіне қарсы бағытта жүріп, тауап етушілерге кедергі жасамау керек.

Екіншіден Қағбадағы қаумалаған халықтың арасында және қонақ жайлардың лифттерінде әйелдер мен еркектердің араласып кетуіне де жол бермеуге назар аударуымыз қажет. Сондай-ақ кіріп-шыққанда тәртіп пен әдептілікті ұстану керек. Ол жерде шөп жұлудың өзіне тыйым салынғанын ескерсек, пенделік әрекеттеріміздің өзі бізді Аллаһқа жақындатуға тиіс. Сонымен қатар дөрекілік пен ашудың орнын сүйіспеншілік пен мейірім, құрмет пен нәзіктік алуға тиіс. Өйткені ол жердегі ашу мен ызаға, күнәларға, дәл ізгі амалдарға еселеп берілгені сияқты бұларға да еселеп жазылатынын ұмытпаған жөн.[1]

Мархабат пен нәзіктіктің теңдессіз үлгісі болған Пайғамбарымыз (с.а.у.) осы жайттарға ерекше мән берген. Хз. Пайғамбар бір күні Хз. Омарға:

«*Әй Омар! Сен күшті-қуатты адамсың. Хажери Әсуәдқа жету үшін адамдарды ығыстырып әлсіздерді езіп-жаншыма! Өзіңді де өзгелерді де қинама! Егер адамдардың саябырсығанын көрсең Хажери Әсуәдты сипа да сүй, оған ондай мүмкіндік таппасаң алыстан «сипап сүйгендей» ишара жасап, кәлимә-и тәухидты айтып, тәкбір айт та өте шық!*» деген. (Һәйсәми, III, 241; Ахмет, I, 28).

Хз. Омар бір күні Қасиетті Қағбада былай дейді:

«Сен қандай мәртебелісің (әй Қағба!). Сенің дәрежең неткен асқақ. Бірақ нағыз мүміннің Аллаһтың құзырындағы мәртебесі сенен де жоғары». (Тірмізи, Бирр, 85).

Осылайша құлдың ақысын таптамай, оны ренжітпеуге осыншалықты мән беріп, сол қасиетті мекендерде ішкі әрі сыртқы әдепке де өте мұқият қарау керек. Өйткені хаж бен ұмрадағы басты мақсаттардың бірі – қасиетті жердің қадір-қасиетін біліп тағзым көрсетумен қатар, ол жердегі хикметі мол естеліктерден әсерленіп көңілді жай таптыру болып табылады. Бұл тұрғыда Құран Кәрімде былай делінген:

«Кімде-кім Аллаһтың нышандарын ұлықтаса; күдіксіз ол жүректің тақуалығынан». (Хаж 22/32).

Бұл бойынша намаз, мешіт, Құран Кәрім, азан сияқты неше түрлі Исламның белгілерімен қатар Қасиетті Қағба, Сафа мен Мәруә жоталары сияқты қаншама қасиетті жерлер Аллаһтың нышандары болып есептеледі. Қажылық пен ұмрада оларға немқұрайды қарамай ерекше құрмет көрсету қажет.

Қағбаға қарай көсіліп отыру яки жату, бос дәмсіз сөз сөйлеу, әсіресе Құран Кәрімді құрмет көрсетпей оқу немесе құрметсіздіктің белгісі ретінде оны жерге тастау сияқты әдепсіз қылықтардан сақтанған жөн.

Тағы бір маңызды жайттардың бірі ол жерлерде науқастанған, жолда қалған, жақындарынан айрылып қалған, бір сөзбен айтқанда мүшкіл жағдайдағы мүмін бауырларымызға қол ұшымызды беріп, дерттеріне ортақтасуымыз қажет. Сонымен қатар бұл мұсылман кісіде болуға тиіс мейірімділік пен қамқорлықтың іске асуы деген сөз. Екіншіден адамның жүрегі – Аллаһтың назар салатын жері екенін есімізде сақтай отырып, адамдарды ренжітіп алмай, керісінше көңіл жұбатуға тырысумыз керек.

Ғибадаттардың әсіресе қажылықтың мәні мен маңызын терең түйсіну үшін алғыр да кіршіксіз жүрек қажеттігін Хз. Мәулана мына оқиғамен түсіндіріп береді:

«*Үмбетке танымал ғалым Баязид Бистами қажылық пен ұмраға бару үшін Меккеге жол тартады. Жолшыбай үлкен қалаларға тұрақтап, ол жердің бетке тұтар ғалымдарын іздеп:*

-«Бұл жерде көргенді-көреген, көкірек көзі ашық кім бар?» - деп кездескен адамынан сұрастырады. Өйткені қайда барса да ең алдымен Аллаһ достарымен табысып, олармен сырласуды дұрыс деп білді. Себебі Құран Кәрімде Аллаһ Тағала:

«...Егер білмесеңдер, зікір иелерінен сұраңдар!..» (Әнбия 21/7). Мұса (а.с.) да ләдунни (сыр-аян) білімнен хабары бар Хызырды іздеген.

Баязид сөйтіп жүріп ұзын бойлы, өте кішіпейіл Аллаһтың досын жолықтырды. Оның бойынан Аллаһтың достарына тән сипаттарды байқады. Баязид әлгі адамның жанына барды. Ол Баязидтен:

-«Әй белгісіз жан! Тәніңді қайда алып бармақсың?- деп сұрақ сұрайды.

Беязид:

-«Хажға барсам ба деген ниетім бар еді; қалтамда екі жүз дирхам ақшам бар», - деп жауап берді.

Әлгі кісі сөзін сабақтап:

-«Әй пенде! Қолыңдағы дүниенің бір бөлігін Аллаһ жолында жоқ-жітіктер мен мұқтаждарға таратып бер! Олардың көңілдерін аулап дұғасын алсаң рухың көтеріледі! Өлімсіз өмірге қауыш! Ең алдымен көңілді рахатқа бөле! Міне осыдан кейін кіршіксіз таза тоқ көңілмен хажыға баруға болады!..

Өйткені Қағба Аллаһтың «ханей-бирри». (яғни құлдың иманын кемелдікке жеткізіп, Алаһқа жақындататын рахмет мекені). Оған бару Исламның бес шарттарының бірі. Дегенмен адамның жүрегі, бір сырлы қазынаға ұқсайды.

Қағба Азердің ұлы Ибраһимнің салған үйі. Көңілге келетін болсақ, «Ұлы» Аллаһтың назары түсетін жері.

Егер сенде көрегендік болса, көңіл деген Қағбаны тауап ет! Тас пен топырақтан жасалған Қағбаның негізгі мағынасы да көңіл. (яғни оның себебімен көңілдің Раббысына одан сайын жақындай түсу).

Аллаһ Тағала таспен қаланған Қағбаны тауап етуді кірден тазарып, барша жамандық атаулыдан арылған бір көңіл Қағбасына қол жеткізу үшін саған парыз қылған.

Мұны жақсы біліп қой! Қажылық – шамаң келсе орындауға міндет болған Аллаһтың әмірі. Бірақ мынаны есіңде сақта, егер сен Аллаһтың назары түсетін көңілді ренжітіп, өкпелететін болсаң, Қағбаға жаяу да барсаң, алған сауабың көңілді ренжітіп түскен күнәңнің орнын толтыра алмайды!».

Баязид адамның айтпақ болған ойын жақсы түсінді. Ол жерден ерекше бір әсерге бөленіп шықты. Осылайша хажыға сапарын жалғастыра берді».

Осы сияқты мысалдармен көңілге демеу берген Хз. Мәулана қасиеті аймаққа сапарға шықпақ болғандарға былай деп өсиетін айтады:

«*Қажылықтың уақыты жақындағанда Қасиетті Қағбаны зиярат әрі тауап ету үшін бар! Осындай мақсатпен барсаң, Меккедегі ақиқатқа қанық боласың*!»

Қажылық өте нәзік ғибадат болғандықтан Хз. Мәулана қажылықты мысал ретінде берген. Сондықтан қажылыққа рухани дайындықпен шығу қажет.

Егер хаж бен ұмра мұндай сезіммен орындалмаса, үміт еткен жақсылық пен пайдаға жеткізбейді. Осы тұрғыдан қарағанда хаж бен ұмра шынайы жүрекпен орындалуы тиіс. Осылайша бұл ғибадат аппақ ихрамға оранып періштелердей кіршіксіз сезімнен пай алу болып табылады. Сондықтан ихрамда жүріп аң аулауға, аңшыға аң көрсетуге, шөп, тіпті үстіңнен қыл да жұлуға болмайды. Ихрам кигендер белгілі-бір уақыттың ішінде кейбір адал істердің өзін істеуге тыйым салынуынан күмәнді әрі харам істерге жууымау керектігін жүректерімен сезінеді. Сондай-ақ ол жерде Аллаһтың жаратқандарының баршасына ерекше мейірім-шапағат көрсетудің маңызын түсінеді.

Қажылық пен ұмрадағы ең маңызды іс – санаулы дем мен санаулы уақытты ең сауапты істерге жұмсау болып табылады. Сондықтан да қажетсіз істердің, яғни өзгелердің іс-қимылын тексеріп, бағалы уақытымызды бекер әурешілікпен өткізбеуге мән берген жөн. Өйткені хаж бен ұмрадағы халіміз ішкі жан-дүниеміздің деңгейін көрсетіп береді.

Мүміндер дін бауырларына менсінбейтін сыңай танытып, кінәлау яки балағаттау сияқты жағымсыз әрекеттерден арылғаны дұрыс. Өйткені ол жерде кімнің-кім екенін білу мүмкін емес. Кімнің қаншылықты дәрежеде екендігі жалғыз Аллаһқа ғана мәлім.

Сондықтан үлкен ғалым Хз. Халиди Бағдадидың сопылық жолға түспей тұрғанда басынан өткерген мына бір оқиғаның мәні зор:

Хз. Халиди Бағдади қажылыққа баруға ниет етіп Мәдина қаласына барғанда жүзі нұрлы бір адамға жолығады. Емендік болған осы Аллаһтың досының рухани тартылысына түскен Хз. Халид надан кісінің ғалым кісіден сұрағаны сияқты оның қасына барып, үгіт-насихат айтуын талап етті. Әлгі адам оған былай дейді:

-«Әй, Халид! Меккеге барғаныңда Қағбада әдептілікке қайшы бір іс көретін болсаң, сол адам жайлы жаман ой ойлап қателесуші болма! Жүрегің мен көзіңді жаман нәрселерден сақта! Ішкі әлеміңді тазалауға тырыс!»

Сырттай қарағанда оның бұл сөзі жабық ескерту болғанымен негізінде Хз. Халид Бағдадиді негізгі мәртебесіне жеткізетін ұлы пірімен арасындағы құпия байланысқа ишарат еді.

Бірақ. Хз. Халиди Бағдади Қасиетті Қағбаға барғанда ол жердің рухани әсерінен қатты әсерленгені соншалық есінен танып, әлгі адамның насихатын ұмытып кеткен еді. Ол осы күйде жүргенінде бір Жұма күні үстіне жұпыны киім киіп, Қағбаға теріс қарап, өзіне көз салып тұрған адамды байқап қалады. Сонда ішінен:

-«Мынау қандай ғапыл адам. Қағбаға теріс қарап әдепсіздік жасап тұрғаны несі? Қағбаның қадір-қасиетін білмегені ме? деп ойлайды.

Сол кезде Халид Бағдадиге тұспа-тұс тұрған әлгі адам:

-«Әй, Халид! Сен мүмінге құрмет көрсетудің, Қағбаға құрмет көрсетуден әлдеқайда артық екенін білмейсің бе? Өйткені жүрек – Аллаһтың назар салатын жері. Таза жүрек – Бейтұллаһ (Аллаһтың үйі) іспеттес. Мәдинадағы әлгі салих адамның насихатын естен шығарма!..» деді.

Осы сөзді естіген Хз. Мәулана Халид бұл адамның қарапайым адам емес, әулиенің бірі екенін аңғарып, дереу қолына жабысып кешіруін өтінді:

-«Әй салих адам! Медет! Сенің шәкіртің болуға дайынмын!» - деп өтінді. Сонда әлгі адам оған сырлы көзбен қарап тұрып:

-«Сенің тәрбиең маған тиісті емес! Сен Үндістандағы Дәһли қаласында тұратын Хз. Дәһләбимен кәмілдікке жетесің! Аллаһ жол берсін!...» деді де кенеттен ғайып болды.

Мұнда әкем һәм ұстазым марқұм Мұса Мырзаның (құддисә сирруһ) ұлағатты сөзін тілге тиек еткенді жөн көріп отырмын:

Қажыға баратындарға айтарым – ол жерде терең түйсінуге көңіл бөліңдер. Жүрек әлеміңе үңіліп, бос нәрселерден алшақ жүріңдер. Ол жердегі рухани көріністерден пайдаланыңдар.

Қажыға барған сайын адамның рухани жан-дүниесі өзінің хабарынсыз жадырай түсетіні сөзсіз. Қыруар қайырлы іс атқару көбінесе сан рет қажыға баргандардың қолынан келеді. Қажылықтың рухани әсерімен адам бойында жомарттық, мейірім-шапағат сезімдері оянады. Мұндай адамдар ақ көңіл, жомарт болып келеді. Сондай-ақ иманының әсерінен жақсы көретін нәрселерін Аллаһ үшін еш қиналмай ерекше қуанышпен жұмсайды».[2]

Құран Кәрімде Аллаһ Тағала:

«Сүйген нәрселеріңді Аллаһ жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар. Не берсеңдер де Аллаһ Тағала оны толық біледі» (Әли Имран 3/92) деген. Сондықтан ең негізгі мәселе:

5. Қалау мен ерікті Аллаһтың разылығына құрбан ету (жан тәнімен Аллаһқа берілу):

Шын мәнісінде хаж ғибадатында құрбандық шалудағы басты мақсат – Хз. Ибраһим мен Хз. Исмайлдің Аллаһтың әміріне деген беріктігін еске түсіріп, ондағы иләһи хикметтен нәсіп алу және де Аллаһқа шынайы ықласпен құлшылық етуге талпыну. Яғни ол жерде бойындағы қалау мен еріктің тізгінін толығымен Хаққа беріп, жүрек Оған деген сүйіспеншілікпен көмкерілуі тиіс. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай баяндайды:

«Ешқашан құрбанның еттері, қандары Аллаһқа жетпейді. Бірақ сендердің тақуалықтарың жетеді». (Хаж 37).

Хз. Ибраһим ұлын Аллаһ жолына қиғанын; ұлы Хз. Исмайл болса, жанын Аллаһ жолында беруге әрқашан дайын екенін білдергенін естен шығармаған жөн. Біз жанымыз бен малымызды Аллаһ жолында беруге дайынбыз ба? Аяттағы «Күдіксіз Аллаһ мүміндердің жандарын, малдарын, малдарын жәннатпен айырбастап алды» (Тәубе 9/111) деген мүміндердің сипатына қаншалықты лайықпыз?

Міне осындай қайрат-жігер көрсету үшін өмір бойы мойнымызға жүктелген міндет бар:

6. Шайтан мен нәпсіні таспен ату:

Жоғарыда айтып өткеніміздей шайтанды таспен ату ең алдымен ішкі жан-дүнеиміздегі шайтанды таспен атумен басталады. Бұл – Хз. Ибраһим, Хз. Исмайл және Хажар анамыздың шайтанның азғыруына қарсы қолданған шаралары еді.

Әрдайым өз-өзімізді есепке алуымыз қажет. Өйткені шайтанның ішімізге салған сыбдырын, күмәндар мен қателіктерді таспен қаншалықты атып жатырмыз? Ибраһим (а.с.) Хажар анамыз бен Исмайлдің (а.с.) шайтан мен нәпсіні таспен атқан кездегі ықлас-ниеттерінен қаншалықты нәсіп ала білдік? Оның рухани әсерін жүрегімізбен сезіндік пе?

Хаж бен ұмраның әрбір сатысында мүміндердің қол жеткізуге тиіс болған мәртебесі мынау болу керек:

7. Әрдайым дұға мен зікір айту халінде болу:

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай баяндайды:

«...Қашан Арафаттан қайтсаңдар, Машғарыл Харамның қасында, Аллаһты еске алыңдар. Сондай-ақ Оны, сендерге нұсқағандай еске алыңдар. Сендер бұрын азғындардан едіңдер». (Бақара 2/198)

«Қашан хаж амалдарыңды өтесеңдер, (Минада) Аллаһ Тағаланы ата-бабаларыңды зікір еткендей тіпті артық зікір етіңдер. Сонда адамдардан кім: «Раббымыз! Бізге дүниеде ғана жақсылық бер!», - десе оларға ахиретте нәсібе жоқ». (Бақара 2/200).

Сондай-ақ қажылық пен ұмрада тәлбияны (ләббәйк...) молынан айту турасындағы деген әмір адамды әрдайым дұғамен, зікірмен жүруге бағыттау үшін еді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай бұйырады:

«*Мұсылмандар тәлбия айтқанда оның оң жағы мен сол жағындағы тас, ағаш, кесектер де онымен бірге тәлбия айтады. Осылайша бұл (оң жағы мен сол жағын көрсетіп) мына-мына бағытта жердің соңғы шегіне дейін жалғасады*». (Тірмізи, Хаж, 14/828)

Зікір мен дұғаның тұла бойымызға сіңуі үшін тәлбия айтудың маңыздылығы соншалық жеке баспен орындалатын ғибадаттар үнсіз орындалғанымен тәлбияны дауыстап айту әмір етілген. Осылайша әрбір мүмін өзі мен айналасындағыларды жан тәнімен, жүрек пен тәнінің үйлесімдігі ішінде зікірмен, дұғамен жүруіне септігін тигізеді.

Бұл тұрғыда Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мынадай бір хадисі бар:

«*Маған Жәбірейіл (а.с.) келіп, сахабаларыма әрі менімен бірге жүргендерге тәлбияны дауыстап айтуды әмір етті*». (Әбу Дәуіт, Мәнәсик, 26/814).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) қасиетті жерлерде тек қана дұғамен, зікірмен жүру үшін адамдардың бір-бірімен қалай сөйлесу керектігін де айтып өткен:

«*Бәйтуллаһты тауап ету – намаз сияқты. Бірақ мұнда сөйлесуге болады. Олай болса, кімде-кім тауап етіп жүріп сөйлесе, тек қана жақсы сөз айтсын*». (Тірмізи, Хаж, 112).

Осы жерге дейін аталған шарттардың нәтижесінде мынадай нәрсеге қол жеткізе аласыз:

8. Жан-дүниеміздің Аллаһтың кешірімі мен сый-сияпатына бөленуі:

Хадис шәрифте былай делінген:

«*Бір ұмра екінші ұмраға дейінгі істерге кәпарат болады. Ал қабыл болған хажға тек қана жұмақ беріледі*!». (Бұхари, Ұмра, 1).

Сондықтан Қасиетті жерге барып, хаж бен ұмраны толығымен орындағаннан кейін үйіне анадан туғандай күнәсіз қайту – әрбір мүміннің арманы болуға тиіс.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде былай дейді:

«*Кімде-кім Қасиетті Қағбаға қажылық міндетін өтеу ниетімен келіп, күнә мен жағымсыз істерден сақтана отырып, қажылығын өтесе, анасынан туғандай пәк күйде үйіне оралады*». (Мүслим, Хаж, 438).

Осы сүйіншіге тек қана қажылығы қабыл болған яғни, қажылығы бастан аяқ игілік пен жақсылыққа толы мүміндер ғана лайық.

Хадис шәрифтерде айтылғандарға қарағанда қабылданған мәбрур қажылықтың нәтижесінде «құл ақысынан» басқа барлық күнәлар кешіріледі. Кешірім етуші – Жалғыз Аллаһ. Сонымен қатар құл ақыларының есебі ахірет күніне қалдырылған.

Мұнда назар аударарлық бір жайт бар. Қажылықтағы жалпыға тән кешірім жағдайының мәнісін дұрыс түсіну қажет. Өйткені адамның оқымаған намазы, тұтпаған оразасы, бермеген зекеттерінің кешіріліп-кешірілмейтіндігі жайлы нақты мәліметіміз жоқ. Мүмін соңғы демі таусылғанша сол қарыздарын өтеуге тырысу қажет. Өйткені өтей алмаған құлшылықтардың себебімен құл екі нәрсеге жауапты болады:

1. Орындамағаны үшін

2. Қазасын өтесе де, уақытылы орындамағаны үшін

Аллаһ Тағала қабыл болған қажылықтың нәтижесінде намаз, ораза мен зекеттерді қазаға қалдырудың күнәсін кешіргенімен қазасын өтемеген қарыздарды сұрайды. Сондықтан да қазасын орындап, зекетті де инифлация мен басқа да құнын дұрыстап есептеп, артығымен беретін кездегі бағасымен төленуі зәрулік іс. Сонымен қатар оларды уақытылы орындамағаны үшін Аллаһтан кешірім сұрауы қажет.

Осыған орай қажылыққа баратындарға, қарыздары болса өтеуі, адамдардың разылығын алуы, қаза қылған намаз, ораза мен зекеттерін уақыт күттірмей орындауы керектігін ескерткен жөн.

Құлшылығының қарызын өтеуге талпынып жүріп, өмірден озған адамдарды иншаллаһ Раббымыз кешірер деген үміттеміз. Алайда жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл тұрғыда нақты деректеріміз болмағандықтан тұтпаған ораза, оқымаған намаз, бермеген зеттерімізді

шамамыз келгенше өтеуге тырысып, қарыздан тезірек құтылудың жолын іздестіру қажет. Қажыдағы жалпыға тән кешірімге сеніп, құлшылықтағы қарыздар мен құл ақыларына енжар қарамау керек. Сондай-ақ бірен-саран қалғандар болса, олар үшін де Аллаһтың кешірімі мен мейірімінен медет тілеген жөн.

Екіншіден қабылданған қажылықтың белгісі - қажының қажылықтан оралғаннан кейін де Аллаһтың разылығы бағытында өмір сүруі. Мүмін қажылықта күнәларым кешірілді деп кері тартпалыққа салынбай, мына дүниенің сынақ майданы екенін ешқашан естен шығармауы тиіс. Өйткені бір хадисте айтылғанына қарағанда, адамның жұмаққа кіруіне бір қадам қалғанда тозаққа тасталады.[3] Мұндайдан Аллаһ сақтасын. Тура жолдан қаншама адамдардың өкшелері тайып, қанжылап кете барғанына тарих куә.

Сондықтан да мүмін әрдайым үміт пен қорқыныштың арасында жүріп, «Саған өлім келгенге дейін Раббыңа құлшылық қыл» (Хижр 15/99) деген аятты өміріне ту етіп ұстануы қажет.



Лайықты түрде толығымен орындалған мәбрур қажылық, Аллаһтың кешірімі мен мейіріміне бөлеумен қатар, адам бойына жауапкершілігі мол, кешірімді, жүрегі мен тәні әрқашан таза, кішіпейіл, Ислам бауырластығы, артықшылықтың тек қана тақуалықта екенін білетін сана, адал табысқа көңіл бөлу, тәуекел, берілу және ықылас сияқты рухани байлыққа кенелтеді Әрине қажылықтың дүниелік әрі ахиреттік пайдаларын мұнымен ғана шектеуге болмайды.

Қажылықтың мүміндерге тарту еткен ең үлкен пайдасы – ең алдымен Аллаһ Тағаланың разылығына бөленуі. Екіншіден дүниенің түкпір-түкпірінен ағылып келген мұсылмандардың жүрегінде бір-біріне деген сүйіспеншілік пен бауырластық сезімін ұялатады. Шын мәнісінде қажылық Аллаһтың шексіз рахметі көрініс тауып, иләһи ғапу мен кешірімге бөленген мұсылмандардың иман нұрымен нұрланып, бір-бірінің қайғысы мен қуанышын бөлісетін қасиетті де айбынды бір аяда орындалады. Ол жерде тілі мен түрі бір-біріне ұқсамайтын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы бөлек-бөлек қаншама адамдар Қағбаның айналасында айбынды да салтанатты бірлік пен берекенің көрінісін бейнелейді. Ол жердегі адамдар арасындағы махаббат пен сезімнің арқасында жалған дүниенің аталмыш айырмашылықтарын ұмыттырып, мұсылмандарды ортақ дертке шақырып, бір сенімнің аясында біріктіреді. Осылайша діни бауырмашылықтың озық үлгісі айқын байқалады.

Сондықтан қажылық Исламның тек діни әмірі ғана емес, аса мәртебелі бұл діннің жеке адамға һәм бүкіл қоғамға тән әлеуметтік тұрмыс жағдайы мен олардың саяси жағдайларына күш-қуат беретін мәнге ие. Сондай-ақ ол – мұсылмандардың әлемдік деңгейдегі өмірлерінің ұлы бір ескерткіші мен үлгісі ретінде алдымызда бізді күтіп тұр.

МӘДИНА МҮНӘУУӘРАНЫ ЗИЯРАТ ЕТУ

Қажылық пен ұмраға бастағанда немесе аяқтағанда баратын Мәдина қаласындағы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мекені – жүректі Аллаһқа деген махаббаттың нақыштарымен әшекейлеп, жоғары сезімге бөлейтін мекен. Сондықтан Расулұллаһтың (с.а.у.) артта қалдырған ұлы естеліктері мен жанға жан сыйлайтын деміне толы сол қасиетті аймаққа барғанда Оның руханиятынан өз үлесімізді алу ынтасымен Рауза Мұтаххараға зиярат жасау керек. Сонымен қатар әлемнің асылының бұл қасиетті мекеннің қойнауында екенін ешқашан естен шығармау керек. Оған үмбет болу деген абыроймен шаттанып, ерекше бір әдептілікке тағзым көрсету керек.

Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

«...Ибраһимнің (с.а.у.) Қасиетті Меккені харам (аймағы) қылып, оған дұға еткеніндей мен де Мәдина Мүнәууәраны харам аймағы қылдым...». (Бұхари, Фазайлул-Мәдина 6; Мүслим, Хаж, 467).

Рауза Мұтаххараның Гүлі Сүйікті Пайғамбарымызды (с.а.у.) жан, мал, бала-шаға, барша нәрседен артық жақсы көруге тиіспіз. Өйткені Аллаһ Тағала тек Оны ғана «хабибім» деп атап, ерекше ілтипатқа бөлеген әрі мұны үмбетке де әмір еткен. Қазы Ияз Тәубе сүресіндегі:

«(Мұхаммед (с.а.у.): Егер әкелерің, балаларың, туыстарың, әйелдерің, ағайындарың, тапқан малдарың, тоқтап қалуынан қорыққан саудаларың, жақсы көрген үйлерің сендерге Аллаһтан, Пайғамбарынан әрі Оның жолында соғысудан артық көрінсе, Аллаһтың әмірі келгенге дейін күтіңдер» де. Аллаһ бұзық қауымды тура жолға салмайды». (Тәубе 9/24) деген аятын негізге ала отырып:

«Аллаһ мұсылман үмбетіне өзіне деген сүйіспеншілікпен қатар Расулұллаһты (с.а.у.) да жақсы көруді парыз қылған», деп айтқан.

Қандайда бір нәрсеге деген сүйіспеншілік пен махабат, осы махаббаттың туындауына себепші болғандарға да өтеді. Мысалға айтар болсақ, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Ұхыдты қаншама таулардан ерек тұтып, ерекше махаббат танытуы біздің де оған деген сүйіспеншілігімізді арттырады. Сондықтан Мәдинаға барғанда Ұхыдқа махаббат назарымен қарауға тиіспіз. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.); «*Ұхыд бізді жақсы көреді, біз де Ұхыдты жақсы көреміз*» (Бұхари,Жихад, 71) деген.

Мәдина Мүнәууәра һижрәттан бұрын «Ясриб» есімді қатардағы қарапайым қала болатын. Оны «Мәдина Мүнәууәраға» айналдырып, барша мұсылман үмбетінің сүйіспеншілігіне бөлеген Пайғамбарымыздың (с.а.у.) онда өмір сүріп, қалдырған ұмытылмас естеліктері еді. Расында Мәдинаның аты аталғанда Хз. Пайғамбар еске түсетіндіктен оның мүміндердің жүрегіндегі орны ерек.

Осы іспеттес Аллаһты жақсы көру Пайғамбарымызды (с.а.у.) жақсы көріп, Оның артынан еруді талап етеді. Сондықтан Аллаһ Тағала:

«(Мұхаммед (с.а.у.): оларға: «Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Аллаһ Тағала сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды». (Әли Имран 3/31) деген.

Сонымен қатар Аллаһ Елшісінің артынан еру үшін күш-жігер жұмсау әрі Оның сүйіспеншілігіне бөлену де адамды Аллаһтың сүйікті құлдарының қатарына қосады. Расында қадірменді сахабалар Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ұлы ақиқатына жақындай білу үшін Оның руханиятын бейне бір жынды көбелек тәрізді қоршап алып, өз болмыстарын жоққа шығарып, Оның нұрына қарық болуды қол жетпес арман деп есептеп, көптеген иләһи сыйларға қол жеткізген еді. Сондықтан ғапылдық деген рухани ауруға шалдыққан жүрегіміздің емі – Пайғамбарымызға (с.а.у.) деген махаббат және осы махаббаттан туындайтын «сүннеті ұстану» болып табылады.

Сондықтан қандай бір нәрсеге деген ілтипатымыз Расулұллаһқа (с.а.у.) деген ілтипатымыздан артық болмауға тиіс. Үйіміз бен бала-шағамыз болсын, жұмысымыз бен саудамыз болсын, бәрі, бәрі Одан артта қалуға тиіс.

Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.) үмбетіне ананың баласына деген мейірімінен де артық мейірім көрсетіп, өмірі бойынша; «Үмбетім, үмбетім...» деп өткен.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларға былай дейтін:

«Назар аударыңыздар! Мен тірі кезімде сендер үшін қауіпсіздіктің дәнекерімін. Дүниеден өткеннен кейін де қабірімде алғашқы сүр үрленгенше: «Әй, Раббым! Үмбетім, үмбетім!...» деп жалбарынамын...» (Әли әл-Мүттақи, Кәнзүл-Үммал, т. 14. 4. 414)

Сондай-ақ Ол Аллаһқа қауышар сәтінде де «*Үмбетім, үмбетім...*» деп көз жұмған еді.

Әрі ақтық демі сәтінде: «*Мен сендерді кәусардың басында күтемін...»* деп біздерге деген мейірім-шапағат пен махаббатын көрсеткен еді.

Қысқаша айтқанда Пайғамбарымыз (с.а.у.) өміріндегі жылағаны мен күлгені, қуанышы-қайғысы, тілек-қалауы үмбетінің қамы үшін болған. Тіпті өзі үшін тым ерекше

болған Миғражда да біздің жағдайымызды ойлап, шыр-пыр болды. Мұны Құранда Аллаһ Тағала былай баяндайды:

«Расында сендерге іштеріңнен ардақты бір Пайғамбар келді. Сендердің қиналуларың Оған ауыр тиеді. Ол сендерге өте ынтық, мүміндерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді». (Тәубе 9/128).

Ол аса тұңғиық рахмет дариясы болғаны соншалық, зұлымдық, шірк пен алауыздық өршіп тұрған дәуірдің өзінде Мекке халқы Оның құрметі үшін бәлекет пен қайғыдан дін аман болды. Аллаһтың қарғысына ұшырамады. Өйткені олардың арасынада Хз. Пайғамбар бар еді. Бұл шындықты Аллаһ Тағала былай баяндайды:

«Негізінде Аллаһ Тағала Сен олардың ішінде болғанда, оларға азап етпес әрі олар жарылқау тілегенде де Аллаһ, оларды азаптамайды». (Әнфал 8/33).

Алайда Пайғамбарымыз (с.а.у.) Меккеден Мәдинаға һижрәт еткенде жағдай өзгерді. Мүшріктердің бастарына бәлекет келе бастады. Халық арасынан береке кетіп, ашаршылық жайлады. Көкке қараса көздері қарауытып, аштықтан бастары айналды.

Демек кімнің жүрегінде Хз. Пайғамбарға деген махаббат болса, Аллаһ ол жүрекке азап бермейді. Оның құрметі үшін мүшріктерге де мейірімін төккен Аллаһ Тағала Оны жанынан артық жақсы көріп, Сүннетін берік ұстанған адамды отқа тастай ма? Ал, кімнің жүрегінде Оған деген сүйіспеншілік болмаса, азаптан көз ашпайтыны шындық.

Аллаһтың құзырында әрі өмірі бойынша үмбетінің қамын жеп аузынан тастамай айтып жүрген Пайғамбарлар сұлтанына (с.а.у.) ерекше сүйіспеншілік көрсету Оған үмбетпін деп жүргендердің ең басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Бірақ «ол менің жүрегімде» деген құрғақ сөздің тигізер еш пайдасы жоқ екенін ұмытпаған жөн. «Адам жақсы көрген адамына еліктеп, оны аузынан тастамайды» дегендей Пайғамбарды жақсы көрер болсақ, әрбір әрекетімізді Оның ісіне сай жасауымыз қажет. Сонымен қатар Оған молырақ салауат айтумыз керек....

Міне Пайғамбарымыздың (с.а.у.) асқақ дәрежесіне орай Хз. Имам Мәлік Хз. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қабірі болған жерді Қағбадан абыройлы деген. Өйткені, күллі әлем оның құрмет беделіне жаратылып, Оған арналған:

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде былай дейді:

«*Мені өмірден өткеннен кейін зиярат еткен адам, тірімде зиярат еткендей болады*». (Даракутни, Сүнан, II, 278).

Бірақ зиярат еткенде де әдептілікке сай әрекет жасау аса маңызды. Өйткені, бұл зияраттан шынайы үлес алу әдептілік шартына байланысты.

Күндердің бір күні Хз. Имам Мәлік мінбеде тұрғанда, сол дәуірдің халифасы Әбу Жағфар Мансур мешітке кіріп келді. Одан біраз сұрақ сұрайды. Екеуі ұзақ уақыт әңгімелеседі. Бірақ Әбу Жағфар Мансур әңгімеге қатты беріліп кетіп, дауыс көтеріп сөйлейді. Сонда Хз. Имам Мәлік:

-«Әй, мүміндердің халифасы! Мұнда дауыс көтеруші болма! Өйткені Аллаһтың бұл туралы ескертуі сенен әлдеқайда абзал адамдарға жасалған еді...», - деп ескерту жасады.

Оның әдептілігін көрген халифа былай деп сұрақ сұрайды:

-«Әй, Имам! Дұға қылғанда Құбылаға ма әлде Расулұллаһқа қарайын ба?».

Хз. Имам Мәлік былай деп жауап береді:

-«Сен неге жүзіңді Одан бұруың керек?! Ол сенің және атаң Хз. Адамның қияметке дейінгі Аллаһқа жеткізер дәнекері. Әрине сен Пайғамбарымызға қарап, Аллаһтан Оның шапағатын сұра. Аллаһ Тағала Оны саған шапағатшы қылады!».[4]

Кейбіреулер осы шындыққа көз жұмып, қажыларды Раузаға қаратпайды. «Сәлем бер де өт; құбылаға қарай бет бұр!» дейді. Алайда Пайғамбарымыз (с.а.у.) тірі. Шейіттердің өлмейтіндігі шындық болса, мәртебесі олардан да жоғары пайғамбарлар әсіресе күллі әлемнің мырзасы Пайғамбарымыз неге тірі болмасқа?

Абидә әс-Сәлмани «табиун» ғалымдарының белді де беделді заңгерлері мен хадисшілерінің бірі болатын. Ол Пайғамбарымыз (с.а.у.) дүние салуына екі жыл қалғанда мұсылман болады. Бірақ Оны көріп сахаба болу абыройына жете алмады. Абидәнің мына сөзі Пайғамбарымызға (с.а.у.) деген сүйіспеншілінің қаншалықты екенін айқын көрсетеді:

«Қасымда Расулұллаһтың бір тал шашының болуы, мен үшін дүниенің бар байлығынан әлде қайда бағалы». (Ахмет, III, 256).

Әйгілі Ислам ғалымдарының бірі Зәһәби Абидә әс-Сәлманидың Пайғамбарға деген сүйіспеншілігін білдірген сөздерін оқығанда, өз сезімін былайша тілге тиек етеді:

«Расулұллаһтың бір тал шашын, дүниенің бар байлығына айырбастамаймын деген Абидәнің осы сөздері махаббаттың шыңырау шыңының белгісі. Ол ғалым Хз. Пайғамбар дүниеден өткеніне елу жыл болғаннан кейін осылай айтса, Оның дүниеден көшкеніне жеті жүз жыл болғаннан кейін келген біздер Оның бір тал шашын яки аяқ киімінің бауы немесе су ішкен ыдысы қолымызға түссе не деп айтар екенбіз?».

Егер бай-бақуат бір адам дүние-мүлкінің көбісін осындай нәрсені алу үшін жұмсаса, сен оған дүние-мүлкін шашты яки ақшасын қайда жұмсарын білмейтін ақымақ деп айтар ма едің?

Жо, жоқ! Расулұллаһтың өз қолымен салған Нәбәуи Мешітін зиярат ету әрі Оның бөлмесінің қасына барып, Оған сәлем беру үшін барыңды беруден тайынба!

Мадинаға барғанда Оның жақсы көрген Ұхыд тауына құмарың қанғанша қара. Оны сен де жақсы көр! Өйткені Ұхыд тауын Пайғамбарымыз өте жақсы көретін-ді. Оның Раузасына және отырып-тұрған жерлеріне барып, жан-дүниеңді рахатқа бөле. Себебі барша әлемге рахмет ретінде жіберілген Оны өз жаныңнан, малыңнан, қолыңдағы бар дүниеңнен артық жақсы көрмейінше толық иман келтірген болмайсың...» (Зәһәби, Сиярул Аламин-Нүбәла, IY, 42-43)

Ислам тарихының сахабалар мен табиун дәуірінен кейін елеулі орын алатын Османлылардың падишасынан шопанына дейін Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігі ерек болатын.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) аты аталған сайын салауат айтумен қатар, құрметтің белгісі ретінде қолын жүрегінің үстіне апарып қоюы, Оған арнап мәулид оқылғанда Пайғамбарымыздың (с.а.у.) туылуын жеткізетін бөлімді тік тұрып тыңдайтын мемлекет басындағы падишалар, мұны жақсы үрдіске айналдырған. Падишалардың барлығы дерлік Мәдина Мүнәууәрадан келіп түскен хаттарды дәретін алмай, әлгі хатты сүйіп, маңдайына қоймай, орнынан тұрып ерекше құрметпен қарсы алмайтын бірде-бір сұлтан жоқ-ты.

Екіншіден Нәбәуи Мешітке жөндеу жұмысын жүргізерде әрбір тасты үлкен-кіші дәрет алып, бисмиллә деп қойған Османдықтардың осы жөндеу ісі кезінде балғаларының басына киіз байлап, Пайғамбарымыздың рухын мазалаудан сақтанулары теңдесі жоқ әдептілік пен махаббаттың ерекше белгісі.

Сондай-ақ Османдықтар дәуірінде патшаның өз байлығынан бөліп қасиетті аймақтағы кедейлерге берілсін деп жіберген сыйлықтарын жеткізетін керуен қалаға кірмес бұрын, қаланың маңына қонақтап, Мәдинаның рухани ауасына дайындық жасап, истихара намазын оқып, рухани әлемнен алған рұқсат бойынша кіретін-ді. Елдеріне оралар кезде де Мәдина Мүнәууәрадан естелік болсын деп топырағынан алып кететін-ді.

Тағы бір таңқаларлық жайттардың бірі Осман мемлекетінің падишалары салдырған суреттерінде сәлделерінің ұшына сыпырғының макетін жасатып, өздерінің бейне бір Мекке мен Мәдинаның сыпырушылары екенін білдірмек болған. Ол жердің тазалаушыларының жалақысын болса, өз қалталарынан бөліп беретін-ді.

Сондай-ақ, Хз. Пайғамбарымыздан (с.а.у.) үмбеттеріне қымбат естеліктер болып қалған шашы мен сақалының тауарын қырық бөлек орамалға оралып, күні бүгінге дейін

жеткізілуі, сөйтіп Ислам әлеміне берекет пен рахметтің қайнар көзі болуы сөз жеткізгісіз махаббаттың мысалдарынан десеңізші.

Османдықтардың осы қасиетті аймаққа деген құрмет пен әдебі сонау Стамбулдан басталатын еді. Тіпті ол дәуірлерде қажылық сапарына шығып, Еуропадан Азияға өткен жерді «Харам» деп атап, сол жерден бастап Мекке мен Мәдинаның рухани ауасына кіретін. Сөйтіп, осы жолда адамның ғапылдығын білдіретін әрекеттерден өздерін алшақ ұстаған.

Ақын Нәбидің 1678 жылы мемлекет басшыларымен бірге Қасиетті сапарға шыққандағы мына бір естелігі қандай ғибратқа толы десеңізші:

Нәби қажылық сапарда бір пашаның Мәдина Мүнәууәраға қарай ғапыл күйде көсіліп отырғанын көреді. Мұны көріп қатты әсерленеді де мәшһүр қасидасын жаза бастайды.

Таң намазына жақын қалғанда керуен Мәдина Мүнәууәраға жақындағанда Наби жазғандарын Нәбәуи Мешіттің мұнарасынан айтылып жатқанын естиді:

«*Ұлы Жаратушы Аллаһтың назары түсетін жері мен Оның сүйікті пайғамбары Хз. Мұхаммед Мұстафаның (с.а.у.) мекенінде әдепсіз әрекеттерден сақтан!...»*

Әй, Нәби! Бұл аймаққа әдептіліктің қағидаларына бағына отырып кір! Бұл жер – періштелердің қаумалаған әрі пайғамбарлар табалдырығын сүйген жер».

Мұны естіген Нәби не істерін білмей, дереу азаншыны іздеп тауып алады да:

-«Бұл қасиданы кімнен, қалай үйрендіңіз? – деп сұрайды.

Азаншы:

-«Осы түні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) түсімізде бізге:

-«Үмбетімнің ішінен Нәби есімді бір ақын мені зиярат етуге келе жатыр. Ол мені өте қатты жақсы көреді. Осы махаббатының әсерімен оны Мәдинаның мұнараларынан өз қасидасымен қарсы алыңдар!..» - деді. Біз пайғамбардың әмірін орындадық...» - дейді.

Нәби өксігін баса алмай жылай бастайды. Жылап тұрып былай дейді:

-«Демек Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған «үмбетім» деп айтыпты. Демек Екі Әлемнің Шам Шырағы мені үмбетінің арасына қосыпты!...»

Міне хаж бен ұмрада ең маңызды жайт – осыншалықты терең сезіммен бұл қасиетті аймаққа барып, Хз. Пайғамбарды (с.а.у.) зиярат етіп, Бәйтұллаһты тауап ету.



Қорыта айтқанда барша құлшылықтар сияқты қажылық пен ұмраны да Аллаһтың қабылдауы, кәміл иман мен терең сезімге байланысты. Хаж бен ұмра қабыл болса, күнәдан арылып, Хақ Тағаланың разылығына бөленуге себепші болады. Яғни, бұл ғибадаттарды тек Аллаһ разылығы үшін орындағанда ғана көздеген нәтижеге жетеміз.

Осы орайда Хз. Шиблидің хаждан келген адамға айтқан насихаты баршамызға ғибрат боларлықтай дәрежеде:

«*Қажылыққа ниет еткеніңде, бүгінгі күнге дейін істеген кемшіліктеріңе тәубе етіп, тура жолға бет бұрмасаң, шынайы ниет еткен болмайсың.*

Ихрам кию үшін киімдеріңді шешкенде жамандық атаулыдан да құлан таза арылмасаң, киіміңді шешкен болып есептелмейсің.

Қажылыққа арнайы ғұсыл алғаныңда, бойыңдағы рухани кірлер мен жүректегі кірбіңдерді тазаламасаң, шынайы тазаланған болмайсың.

Қағбаға кірерде барша харамдар мен Хақтан алшақтататын сөз бен әрекеттерді тастауға уәде бермесең, шынайылықпен Қағбаға кірген болмайсың.

Құрбандық шалғанда нәпсінің қалауларын тізгіндеп, ерік-қалауыңды Аллаһтың разылығына бермесең шынайы құрбандық шалған болмайсың.

Шайтанға тас лақтырғаныңда ішіңдегі надандық пен уәсуәсаларды да таспен ұрмасаң, бойыңда ғылым мен парасаттылық оянбаса шынайы тас лақтырған болмайсың.

Қағбаны зиярат ету арқылы бойыңда ерекше бір тебіреніс пайда болды ма? Өйткені хадис шәрифте:

«Қажылық пен ұмра жасағандар, Аллаһтың зияратшылары. Зиярат етілгеннің зиярат еткендерге сый-сияпат беруі мойнының борышы», деген. Сен де осы сыйыңды сезбесең, шынайы зиярат еткен болмайсың....».

Хз. Шиблидің осыншалықты насихат айтудағы бар мақсаты:

«Хаж бен ұмраны Аллаһ үшін толық орындаңдар». (Бақара 2/196) деген аятты түсіндірмек болған.



Хажды толығымен орындап қайтарда, қажылардың елдеріне алып баратын ең маңызды сыйлықтарының бірі қасиетті аймақтың барша жақсылығын бойына сіңіріп, ғибратлы естеліктер қалдырған салих құлдардың әдептері деуге болады.

Осы тұрғыда Пакистанның рухани көсемі ұхаммед Икбал бір күні қажылықтан келгендерді зиярат етіп, олардан былай деп сұрайды:

-«Мәдина Мүнәууәраны зиярат еттіңіздер! Мәдинаның ахіреттік базарынан көңіл әлеміңізді қандай нәрселермен толтырдыңыз? Алып келген материялдық сыйлықтар, тақиялар, тәсбілер, жайнамаздар күндердің күні ескіріп, өңі өшеді. Мәдинаның еш солмайтын, көңілге демеу беретін рухани сыйлықтарынан алдыңыздар ма?..

Сыйлықтарыңыздың арасында Хз. Әбу Бәкірдің шыншылдығы мен Аллаһқа деген тәсілімі; Хз. Омардың әділеттілігі; Хз. Османның арлылығы мен жомарттығы; Хз. Әлидің парасаттылығы мен батылдығы бар ма? Қазіргі таңда әртүрлі жала жабылып, зардап шегіп жүрген, көрінгеннің түрткісіндегі Ислам әлемінің қайта жандануына қандай үлес қоса аласыз?

Аллаһ Тағала баршамызды Қасиетті жердің руханиятына бөленуді нәсіп етсін! Хаж бен ұмраны кіршіксіз таза жүрекпен һәм жан-тәнімізбен орындауды жазсын! Осыған дейінгі әрі бұдан былайғы құлшылықтарымызды қабыл етсін!

Амин!...

<u>Кітаптың арқасындағы жазу</u>

Қажылық пен ұмра – жүректегі иманды кемелдікке жеткізіп, махшар күнінің ұқсасын мына дүниеде көрсетіп; «*Аллаһтың құзырында есепке тартылмай тұрып, өзіңді есепке тарт!*» деген сөздің сырын терең сезінуге түрткі болатын маңызды ғибадат.

Алуан түрлі көріністерге қол жеткізудің есігі болған қажылық пен ұмра әрбір жан үшін рухани кірден арылу, тұла бойды бір сілкіп, қайта өмір бастауға үлкен мүмкіндік береді. Сондай-ақ дүниенің жылтырағы мен нәпсінің темір тұсауынан құтылып, рухани өмірге қадам басуға жол ашады. Толығымен орындалған қажылық пен ұмра – адам баласының бастапқы таза қалпына келтіріп, тепе-теңдік пен жағымды ауа тарту етіп, берекеті мол жауынмен жуындыратын өзгеше бір ғибат.

[1] Қараңыз. М.Жәмаледдин әл-Қасими, Зүбдәтул-Ихя, Стамбул. 1969, б. 94.
[2] Аллаһ достұнын дүниесінен, Стамбул, 1999, 112 б.
[3] Бұхари, Қадер, 1.
[4] Қараңыз. Кады Ияз, *Шифа-и Шериф*, Бейрут 1404, т. II, б. 596.